

АТАМЕКЕН

ақпараттық-танымдық жинақ



Астана
2018

УДК 913(031)
ББК 26.8я2
А 90

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша «Шетелдегі этникалық
қазақтарды қолдаудың 2018-2022 жылдарға арналған іс-шаралар
жоспарының «Қазақстанның қасиетті жерлерімен таныстыру мақсатында
ақпараттық-анықтамалық материалдарды әзірлеу және шығару»
тармағы аясында шығарылды

Редакция алқасы:

Б.Әбдіғалиұлы, Ж.Смағұлов, А.Қожабек, Е.Тілешов

А 90 **АТАМЕКЕН** (ақпараттық-танымдық жинақ). // Құрастырған С.Итеғұлова
// – Астана: «Palitra-press», 2018. – 144 бет.

ISBN 9965-893-70-5

Жинақта Қазақстанның ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері туралы мәліметтер беріле отырып, танымал археологиялық ескерткіштер, діни және ғибадат орындарына қысқаша шолу жасалған. Өлкеміздің бай табиғи, тарихи, туристік әлеуетін таныту мақсатында қолданылған иллюстрациялық материалдар жинақтың тартымдылығын арттырады.

Жинақты еліміздің тарихы мен табиғаты қызықтыратын жалпы көпшілік қауым пайдалана алады.

АЛҒЫСӨЗ

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды» - деген болатын. Елбасының бұл тапсырмасының астары тереңде. Қазақстанның тарихи-мәдени нысандарын насихаттау барысында оларға қатысты тарихи деректерді, аңыз-әпсаналарды келтіре отырып, толыққанды ақпараттық-танымдық мағлұмат беру кез келген адамның сол жерді өз көзімен көріп, тылсым әлемнің құшағына енуге деген құлшынысын оятады.

«Жер-судың аты – тарихтың хаты» деген қанатты сөз тегін айтылмаса керек. Өйткені қай елдің болмасын өткені мен бүгінінің сабақтастығы, оның қилы жолы, дүниетанымы мен ділі сол халық мекендеген жер-су атауларынан көрініс табады. Қазақ халқының сан ғасырлық тарихынан сыр шертетін көптеген топонимдердің өзгеріске ұшырап, ұмыт бола бастауы – ащы шындық. Бүгінде ұлттық кодымыздан жайлап өше бастаған топонимикалық атауларды тірілтіп, халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайтын киелі жерлердің кешенді келбетін қалпына келтіру – бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

4 Кең-байтақ қазақ даласының құдығынан бастап, теңізіне дейін, сай-саласынан бастап, шың-құзына дейін, жайлауынан бастап, қаласына дейін қастерлі де қасиетті. Әрбір атаудың өз тарихы, әрбір қасиетті орынның киеге айналу себебі бар. Мұндай құт мекендер – белгілі бір өңірдің мақтанышы ғана емес, жалпыұлттық маңызы бар қастерлі орындар. Ата жұртта мекен еткен ұрпақтың тарихы, тіршілік көзі, ой-өресі туралы мағлұмат беретін сырлы шежіре. Ұсынылып отырған жинақта еліміздің әр өңірінде орналасқан киелі мекендер мен қасиетті белдеулер біртұтас кешен ретінде танылып, шетелдегі қандастарымызға атамекен туралы толық мағлұмат беру, еліміздің қасиетті жерлерін насихаттау көзделеді.



Жинақты құрастыру барысында «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының сараптау кеңесінің шешімімен бекітілген Қазақстанның жалпыұлттық және өңірлік қасиетті нысандарының тізімі басшылыққа алынды. Киелі жерлерді анықтауда қолданылған бес өлшемге сәйкес ақпараттық-анықтамалық материалдар ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері төңірегінде топтасқанымен, жинақтың «Қасиетті жерлері» атты бөлімінде сол өңірдегі танымал археологиялық ескерткіштер, діни және ғибадат орындары-

на да шолу жасалды. Бұл бай тарихы бар өлкеміздің табиғи, тарихи, экономикалық, туристік әлеуетін көпшілікке таныта отырып, шетелдік қандастарымыздың этникалық отаны туралы мағлұматын кеңейту, олардың атамекеніне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру мақсатынан туындаған болатын. Іріктеліп алынған нысандарды түрлі иллюстрациялармен таныстыру, нақты орындар туралы ғылыми-танымдық ақпараттардың молдығы, нысанға апаратын бағыт-бағдардың егжей-тегжейлі баяндалуы жинақтың практикалық маңызын арттыра түседі.

Еңбекті дайындау барысында «Қазақстанның киелі жерлері» жобасы аясында шығарылған электронды кітап материалдарымен /1/, /2/ және киелі нысандардың фотосуреттерімен бөліскен Берік Әбдіғалиұлы басшылық етіп отырған ғылыми-зерттеу орталығына, тіл жанашыры, ҚР Мәдениет қайраткері, жазушы Мәди Айымбетовке, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ профессоры, филология ғылымдарының докторы Жандос Смағұловқа, ақын-сазгер, журналист Қуандық Сәденовке алғысымызды білдіреміз.

Жинақта ғаламтор бетіндегі деректер мен кейбір суреттер сілтемелері көрсетіле отырып қолданылды. Материалдарды жинақтау барысында Қазақстандағы жалпыұлттық қасиетті нысандар мен кешендер, сондай-ақ жергілікті маңызы бар қасиетті орындар туралы ізденуші-ғалымдардың тарапынан ұсынылған материалдардың молдығын байқадық. Осындай мол мағлұматты бір жинақтың бойына топтастырып, нақты деректермен тұжырымдай қорытып, тұтас дүние ретінде қызғылықты етіп ұсынуды көздеген бұл еңбек атамекеннен алыста жүрген қандастарымызға туған жердің жолкөрсеткіші болар деген үміттеміз.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАРТАСЫ



АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Шежірелі өлке

Ақмола облысы – Қазақстан Республикасының орталығында орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлік. Солтүстігінде Солтүстік Қазақстан, шығысында Павлодар, оңтүстігінде Қарағанды, батысында Қостанай облыстарымен шектеседі. 1939 жылы құрылған. 1961–1992 жылдары Целиноград облысы болып аталды. Әкімшілік жағынан 17 аудандық, 2 қалалық, 8 қала, 5 кент, 244 ауылдық әкімшілік округтерге бөлінген. Облыстың жануарлар әлемі өзінің айтарлықтай молдығымен және әртүрлігімен ерекше көзге түседі. Сүтқоректілердің – 55 түрі, құстың – 180, балықтың – 300 түрі, т.б. мекендейді. Облыстың аумағында «Көкшетау» және «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи парктері мен Қорғалжын мемлекеттік халықаралық маңызы бар қорық орналасқан. Ірі өзендері: Есіл, оның салалары – Қалқұтан, Жабай, Терісаққан, Нұра, Сілеті, Өлеңті, Құланөтпес, т.б. Облыста көл көп, олардың 94-і тұщы. Ірі тұщы көлдері: Қорғалжын, Қожакөл, Шолақшалқар, Балықтыкөл, Ұялышалқар, т.б. Ірі тұзды көлдері: Теңіз, Керей, Итемген, Қыпшақ, Мамай, Үлкен Сарыоба және Вячеслав (Есілде), Сілеті бөгені бар. Облыс өнеркәсібі өндіру және өңдеу салаларынан тұрады. Ауылшаруашылығы машиналарын жасауға, астық өндіруге, сүтті, етті мал өсіруге мамандандырылған. Қара металлургия, тау-кен, химия, микробиология өнеркәсібі, машина жасау мен металл өңдеу, құрылыс материалдарын шығару, ағаш дайындау мен өңдеу, тамақ, жеңіл, фосфор-фаянс, керамика өнеркәсіптері дамыған. Облыстағы киелі орындар – «Абылай хан алаңы», «Кенесары үңгірі», «Оқжетпес» тауы, «АЛЖИР», «Қосбатыр–Құмай» мемориалды кешендері, Қабанбай батыр кесене-қорымы,

Олжабай батыр қорғаны, Баубек батыр, Батығай, Науан хазірет кесенелері, Беспакыр мазары /3/.

Бұған қоса жергілікті маңызы бар қасиетті орындардың тізіміне Бөгенбай батыр атымен байланысты кешен (жерленген жері, стелласы және тарихи – музейі), Үмбетей жырау жерленген жер, Саққұлақ би кесенесі, Абылай ханның қызыл ағашы, Уәли хан кесенесі, Қаныкейдің жерленген жері, Өліптомар қажы жерленген жер, Ақ Еділ Қожа қажы жерленген жер, Біржан сал кешені, Балуан Шолақ кешені, Иманжүсіп Құтпанұлына орнатылған белгі, Батыр Киікбай Байғараұлы кесенесі, Бөгенбай би кесенесі, Батыр Қосағалы Төлекұлы кесенесі, Бектемір сопы кесенесі, Паң Нұрмағанбет кесенесі, Қызыл Там (Ахмет) кесенесі, «Балқадіша» кешені, Ақансерінің ғашығы Ақтоқтының жерленген жері, Дүйсен би жерленген жері, Монтай батыр жерленген жер, Асат би Алпысұлы жерленген жер, Қылышбай әулие жерленген жер, «Қос бейіт» кесенесі, Қазы батыр жерленген жер, Өрес ханымның жерленген жері, Қалақ батыр жерленген жер, Тіржан қажы жерленген жер, «Айдаһар үңгірі» тауы, Әздембай сал Көтербайұлы жерленген жер, Мария Рекинаның (Жагорқызы) жерленген жері, Нияз би кесенесі, Едіге би Төлебайұлы мазары кіреді /2/.



Оқжетпес – Арқаға сән беріп тұрған кербез де сұлу Көкшенің алыстан мен мұңдалап тұратын биік жартасы. Табиғаттың бар сұлулығын бойына жинақтаған жартастың тік беткейіне қарағай, қайың бітік өскен. Етегінде суы, төскейінде нуы бар бұл өлкені бұғы, түлкі, шіл, құр сияқты жануарлар мен құстар мекендеп, ұшар басына бүркіт ұялайды. Оқжетпес туралы ел арасында тараған аңыздар көп. Сол аңыздардың бірінде оқиға төмендегідей өрбиді: «Бұдан жүз жыл бұрын ба, әлде мың жыл бұрын ба, кім біледі, Арқаның Көкшетауының бауырындағы бір алаңқыда әрі батыр, әрі асқан аңшы бір кісі мекендепті. Кәсібі бүркіт салып, аң аулау болыпты. Ол кезде Көкшеге ауып келген «Оралдың ақ иығы» атты орасан күшті бүркіттер мекендейді екен. Батыр аңшы бір күні аң аулап келе жатып, қазіргі «Оқжетпес» аталатын, бейне алып күшті дәу қолмен текшелеп үйіп қойғандай үшкір найзаланған биік тас таудың шың басына бір бүркіт адам тәрізді жәндікті бүріп қона бергенін көріп қалыпты. Сол арада: «Апырмай, мұның жемі адам тәрізді ғой», – деп ойлайды да, жалма-жан садағын ала салып, бүркітті көздеп тартып жіберіпті. Зулаған оқ үшкір таудың ортасынан аса, көзделген шың тасқа жетпей жерге түсіпті. Құтқара алмайтынын сезген батыр аңшы көңіліне жаман ой түсіп, дереу үйіне жүгіріп келсе, әйелі зарлап жылап отыр екен. Жаңағы бүркіттің бүрген жемі батыр аңшының жалғыз баласы екен. Ашына күйінген батыр аңшы: «Ең болмаса, қызымның сүйегін көмейін» деген оймен «Құлап өлсем, жаным артық па», – деп тәуекелге бел байлап, құс болмаса бұрын адам шықпаған найза тауға шығып, қызының сүйегін алып, түбіне жерлепті. Ал тас тауға «Оқжетпес» деп ат қойған екен» /4/.

Екінші аңызда: «Ертеде Қарауыл ауылдарының бірінде елдің көркі, бірақ дұшпандардың көз құрты болып апалы-сіңлілі үш қыз өмір сүреді. Үшеуі де бірінен-бірі өткен хас сұлулардың өзі болады. Орталарындағы жалғыз бауырла-

ры Оқжетпес беті қайтпас батыр болып өседі. Үш апасын қызғыштай қорғап, қамқоршы бола біледі. Әбден өшіккен жау қапылыста баса көктеп, елді шауып, үш ару мен бауыры Оқжетпесті анталап қоршауға алады. Төртеуі шегіне атысып, кейін жылжи береді. Бір кезде ту сырттарына қараса, сыңсып тұрған жасыл орман, бау-бақша, мөлдір көл, көгілдір тауларды көреді. Құс жыртылып айрылады. «Туған жердің мұндай балауса бағын арам ниет дұшпандардың қара табанына қалай таптатамыз, қасиетті топырағымызды қалай ойрандатамыз, өзімізді қалай қорлатамыз?!» – деп қайраттанған Оқжетпес пен оның үш ару қарындасы қатарласып, жауға қасқая қарсы тұра қалады да, шапса алмас қылышы майырылатын, сүңгітсе қара найзасы қайырылатын, атса оғы асып түсе алмайтын қамал тасты тік қаптал құзар шыңдарға айналып кетеді» /5/ деп туған жерге деген сүйіспеншіліктің қасиетін паш етеді. Жалпы адамдардың қорыққанда немесе шарасыз күйге түскенде Жаратқанның құдіретімен тау-тасқа айналуы – қазақ фольклорында кең тараған сюжет.

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы аңыздар желісіне құрылған көркем туынды.

*Көк торғын Көкшетауды мұнар басқан,
Бастары көкке бойлап бұлттан асқан.
Бір шың бар етегінде тіп-тік найза
Адамзат жасағандай құйған тастан.
Сүп-сүйір бейне найза шың, құз, биік,
Төбесі кейде тұрад бұлтқа тиіп.
Қарасаң етегінен шың басына,
Тақияң жерге түсед тұрған киіп... -*

деп басталатын шығармада жартастың Оқжетпес аталуы туралы аңыз сонау қазақ-қалмақ шапқыншылығы жылдарына, Абылай ханның заманына жетелейді. Олжаға түскен қалмақ қызын алмақшы болып, ентелеген сан батырдың бір де біреуі

шыңның ұшар басына тігілген орамалға жебелерін жеткізе алмағандықтан шың «Оқ жетпес» деген атақ алыпты деп түйінделеді.

Көкшенің сұлу табиғаты талай ақын-жазушылардың шығармаларына арқау болды. Қазақ поэзиясының ірі өкілдерінің бірі Мағжан Жұмабайұлы:

*Арқада Бурабайға жер жетпейді,
Басқа жер ойды ондай тербетпейді.
Бурабайдың көлі мен Көкшетауды
Көрмесең, көкіректен шер кетпейді
Қиясымен бұлт құшқан Оқжетпестей
Басқа тау ойды аспанға өрлетпейді, /5/-*

деп жырлаған, талай құпияларды қойнауына жасырған қасиетті жартас бүгінгі таңда еліміздің мақтанышына айналып отыр. Ұрпақтар көші сан мәрте алмасып, замана өзгергенімен, халқымыздың көрікті Көкше өңіріне деген құштарлығы бір бәсеңдеген емес.

Жұртты баурайтын қасиеті



Әулиекөлдiң тұнық айдынында тұрған Оқжетпес жартасы туралы ел iшiнде көптеген аңыз-әңгiмелер тараған. Қазақтың көрнектi ғалымы Шоқан Уәлиханов осындай көне мұраның 15-тен аса нұсқасын жинаған екен /2/. Оқжетпес тауы жеке тұрған жалғыз нысан емес. Оның етегiн ала жайыла орналасқан Бурабай көлi, Жұмбақтас пен Абылай хан алаңқайы Көкше өлкесiндегi ғажайып мекен - «Бурабай» мемлекеттiк ұлттық табиғи саябағына ерекше салтанат беруде. Бурабай көлi мен көл шығанағындағы Жұмбақтас тауы аумағына Үлкен және Кiшкентай Шабакты, Бурабай, Шортан, Қатаркөл, Майбалық т.с.с. он төрт үлкен-кiшiлi көлдер кiретiн саябақтың жұртшылық жиi тамашалайтын мекенiне айналған.

Едiл, Жайық – екi өзен,

Талсыз болар деймiсiң.

Көкшетаудың көп көлi


Елсiз болар деймiсiң, -

12

деп Ақтамбердi жырау көрегендiкпен жырлағандай, Көкшетаудың суы мөлдiр, тұнық көлдерiнiң жағасы жаз болса, демалушылардан босамайды. Көкшетаумен егiз жатқан Айыртау, жалдана созылған Жыланды, текше тасты Сандықтау, етегi көлбеу Елiктi, қоңырбарқын Қошқарбай, өкпегi үзiлмес Желтау, Қараорманды Қасқатау, жыныс орманды Мақпалтау, Көксеңгiрдiң кер жазығына шекара болған Жөкей, тiптi Есiлге қарай ұмсына жатқан Сырымбет пен Жаңғызтаудың тұтаса келiп ғажап өлкеге айналдырып тұрғаны ақиқат.

Көкшенiң осындай сұлу табиғаты қай кезеңде болмасын адамзатты өзiне ынтық етпей қоймаған.

Көркемсөз шеберлерi өз шығармаларына арқау етiп, хас сұлулықты сөзбен өрсе, қыл қалам шеберлерi ақ қағазға бояумен өрнектеген.



Жұмбақтас

*«Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсы алтын кесе аясында.
Ауасы дертке дауа, жұпар иісті
Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?
Ырғалған көкке бойлап қарағайы,
Қасында көк желекті әппақ қайың,
Жібектей желмен шарпып төңіректі,
Балқытып мас қылады иіс майы –*

деген жолдар арқылы Сәкен ақын бұл өңірдің ерекше қасиетін қалай дөп басып сипаттаған десеңізші!

Сұлу Көкше адамның қиялына қанат бітіріп, жанына жайлы энергетика сыйлайды. Жұмбақтасқа үңіле қараған адамдардың бірқатары сұлу бойжеткенді елестетсе, енді бірі тасты қайғы басқан кейуанаға ұқсатады. Табиғи байлықтарға өте бай өңірден Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер

дүниесін кездестіруге болады. Бұл өлкенің табиғаты көз тартар сұлулығымен ғана емес, ауасының тазалығымен де тартымды. Емдік қасиетке бай балшығы мен минералды суы, қарағай мен шыршаның хош иісі аңқыған ауасы көңіл сергітіп, биік таулар, көгілдір көлдер, ну орман өлкенің адам ағзасына тигізер оң әсерін арттыра түспек. Сол себепті де «Қазақстан Швейцариясы» атанған бұл аймаққа денсаулығын түзету мақсатымен жыл сайын Қазақстанның түкпір-түкпірінен, сондай-ақ алыс және жақын шетелден демалушылар келеді.

Қасиетті орындары



Бұл өлкеде үш жүздің басын біріктіріп, қазақ халқының елдігін сақтау жолында сан қатерден сүрінбей өткен Абылай ханның есімімен байланысты қасиетті орындар баршылық. Осындай орындардың біріне бүгінде стелла қойылып, көп-

шіліктің ат басын тірер орнына айналып отыр. Ал ел ішінде «Хан тағы» деп аталатын орын, тарихи оқиғаның куәгері ғана емес, жұртшылықтың тәу етер орнына айналған. Көкшетау төңірегінде сақталған «Ханның қызыл ағашы», «Ханкөл», «Төренің Қызыл ағашы», «Қымызнай», «Ораз бұлағы», «Аталықтың ауылы», «Қара қыстақ», «Жұмақай қыстау», «Текекөл», «Жайнақкөл» және т.б. топонимдер мен гидронимдер Абылай хан дәуірінің мұрасы, көне жәдігер болмақ.

Бізге жеткен аңыз деректері бойынша Көкшетаудың маңында Абылай ханның есімімен байланыстырылған екі алаң бар. Олар Үлкен және Кіші алаңдар. «Абылай ханның қызыл ағашы» деген жерде Абылай ханның басты алаңы орналасқан деген болжам бар. /2/

Ертеде жел өтпейтін қызыл ағаш,

Дариға, бұл күндерде жап-жалаңаш.

Қабірінен әулиенің Алашқа артық,

Ертеде Абылайға орда болған ағаш –

деп Мағжан ақын жырлағандай, «Ханның қызыл ағашы» аталған бұл алаңда құрылтай, әскери жиналыстар өткізіліп, исі қазаққа ортақ игі істер атқарылған.

Сұлу Көкше ханға дұрыс шешімдерді қабылдауға ықпал еткен. Кейінгі кезде ғалымдар Абылай хан алаңқайының адамның денсаулығына да оң ықпал ететінін жазып жүр. Жан-жағын тау қоршаған, қарағайлы орманның қош иісі аңқыған алаңқай адамның денесін қажетті оттегімен толықтырып қана қоймай, санасын сергітіп, сабыр сыйлайтын қасиетке де ие екен.

Бұл жердің көркем табиғаты, Көкшетау таулары Абылай ханды дұрыс шешім қабылдауға шабыттандыратын деген аңыз сақталған. Ел арасында «Ханның Қызыл ағашы» деген топониммен бірге «Ханның Қызыл үйі» деген түсінік те қалыптасқан. /2/




Абылай хан алаңы

Мағжан ақынның жоғарыда үзіндісін келтірген жырын ары қарай оқысақ:

*Арқада Бурабайдай жер болмайды,
Алашта Кенекемдей ер болмайды...*

деген жолдарды кездестіреміз. Ақын жырлаған Оқжетпес қиясындағы ерекше бағаланатын табиғи мұралардың бірі - Кенесары ханның үңгірі. Ел жадындағы естеліктерге сүйенсек, Хан Кене билік пен халыққа қатысты маңызды шешімдерді қабылдарда осы үңгірді мекен етіп, аруақтармен сырласады екен.

Бүгінгі таңда бұл үңгір де – көпшілік тәу ететін орындардың бірі. Хан Кененің есімімен байланысты Кенесары жазығы, Кенесары аралы, Кенесары асуы, Кенесары үңгірі аталған жерлерді бүгінгі ұрпақ бабамыздан қалған мұра ретінде құрметтеп, қастерлі жерге айналдырып отыр.




Кенесары үңгірі

Бағыт-бағдары

Оқжетпеске апаратын автокөлік жолының жайлылығы, сондай-ақ еліміздің бас қаласына жақын орналасуы, ал ең бастысы – сұлу табиғаты бұл өңірге қарай ағылатын саяхатшылардың қатарын қысы-жазы бір толастатпайды. Табиғи жәдігер Ақмола облысы Бурабай ауданында орналасқан. Нысанға Астана қаласынан теміржол арқылы және автокөлікпен жетуге болады. Жолаушылар пойызы немесе электр пойыздары арқылы 3-4 сағат ішінде жетсеңіз, жеңіл автокөлікпен 2-3 сағатта межелейсіз. Астана автобекетінен күнсайын жүретін автобустар мен микроавтобустардың, сондай-ақ жалдамалы жеңіл көліктердің қызметін де пайдалануға болады.



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ КАРТАСЫ



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Шежірелі өлке

Ақтөбе облысы – Қазақстан Республикасының солтүстік-батысында орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлік. Аумағы бойынша Қарағанды облысынан кейінгі екінші орында. Солтүстігінде Орынбор облысымен (Ресей), оңтүстігінде Қарақалпақ Республикасымен (Өзбекстан), солтүстік-шығысында Қостанай, оңтүстік-шығысында Қарағанды және Қызылорда, батысында Атырау, солтүстік-батысында Батыс Қазақстан облыстарымен шектеседі. 1932 жылы 10 наурызда құрылған. Облыс 12 әкімшілік ауданнан, 8 қаладан, 4 кенттен, 142 ауылдық округтан құралады. Елек, Қобда, Ор, Ойыл, Жем, Ырғыз, Торғай, Өлкейек өзендері Мұғалжар тауынан, Жайық және Жем үстірттерінен басталады. Облыста көл аз. Тұщы көлдер облыстың шығыс бөлігінде орналасқан. Ең үлкені – Шалқар. Облыста хромит, никель, кобальт, фосфор, титан, алтын, боксит, күкірт колчеданы, мұнай мен табиғи газ, тас көмір, калий тұздар өндіріледі. Облыс аумағында газдың, мұнайдың және мұнай-газ конденсатының елеулі көп қоры бар. Облыста «Ақтөбемұнайгаз», «Ақтөбемұнайқұбыры» кәсіпорындары, «Ақтөберентген», Ақтөбе ауылшаруашылығы машиналары, Ақтөбе ферроқорытпалары, Ақтөбе фосфорхимия, Ақтөбе хром қосындылары, «Ақтөбемұнай», Ақтөбе авиажөндеу, Жаңажол газ-өңдеу зауыттары, Ақтөбе химия, Ақтөбе құрылыс материалдары, Ақтөбе–Дөң кен байыту комбинаттары, кен байыту, жиһаз, «Ақтөбе тәттілері» фабрикалары, Шилісай, Ақтөбе сүт өнеркәсібі өндірістік бірлестіктері, т.б. жұмыс істейді. Негізгі ауылшаруашылығы саласы егін мен мал шаруашылығы болып саналады. Ірі қара, қой, жылқы, түйе өсіріледі. Облыстағы киелі орындар – «Хан моласы» (Әбілқайыр хан), «Қобыланды ба-

тыр» мемориалды кешендері, Есет Көкіұлы, Есет Көтібарұлы, Бопай ханым, Исатай Тайманұлы, Абат–Байтақ кесенелері, Ойсылқара қорымы, Досжан ишан мешіті, Жаманшың кратері /3/.

Бұған қоса жергілікті маңызы бар қасиетті орындардың тізіміне Бекқұл би кесенесі, 1930-1950 ж.ж. саяси қуғын-сүргін құрбандарына орнатылған «Түйетөбедегі» ескерткіш, Шәкен ишан мешіті, Былшық би кесенесі, Асан-Қожа әулие жерленген жер, Абдолла хазіреттің Көк мешіті, Батыр Бақтыбай Төлесұлы кесенесі, Дәуімшар батыр жерленген жер, Қызылүйік ғибадатханасы, Сүндет кесенесі, Қызылтам мазары, Нұрпейіс хазірет мешіті, Бисен хазірет мешіті, Батыр Дербісәлі Қиғылықұлы кесенесі, Батыр Көтібар Бәсенұлы кесенесі, Жәлімбет батыр кесенесі, Қарағұл би кесенесі, Көк мешіт, Төлеубұлақ петроглифтері, Керуен сарай, Ойыл мешіті, Ботакөз батыр кесенесі, Темір мешіті, Мәулімберді әулие мазары, Айдарлыаша геологиялық қимасы, Балғасын кешені, Күйші Қазанғап Тілепбергенұлы мазары, Алматы Сардар Тобабергенұлы кесенесі, Дүйсенбі аһун мешіті, Жаныс би кесенесі, Исатай Хазірет мешіті, Мәні әулие қорымы, Сәмет батыр кесенесі, Батыр Арыстан Тінәліұлы кесенесі кіреді /2/.



Жаманшың кратері

Жаманшың кратері - планетамызда теңдесі жоқ табиғаттың ғажайып құбылысы. Жаманшың метеорит кратері шамамен 700 мың жыл бұрын алып метеориттің құлауының нәтижесінде пайда болған. Табиғи құбылыстың нәтижесінде ауыр соққы тиген жер тереңдігі 700 м, диаметрі 5,5 шақырымға созылатын алып шұңқырға айналады. Жарылыс төңірегіндегі қысым жүздеген килобарға, температура бірнеше мың градусқа жетіп, осының нәтижесінде импактит, тектит (иргизит) жыныстары пайда болған. Соңғы мәліметтер бойынша кратердің диаметрі (белесімен қоса) шамамен 13 километрді құрайды, ал бүгінгі күнгі тереңдігі 300 метрге тең. Негізінде, Жаманшың – аяқ астынан тасқа айналған ұлулар мен кораллдарды, сонымен қатар шығу тегі жөнінде ғалымдар жүздеген жылдар бойында дауласып келе жатқан қара не қою-жасыл түсті шыны тәріздес тектиттерді кездестіруге болатын өте ерекше жер. Біреулері тектиттер – бұл жарылыс кезінде жер жынысының қайта балқытылған түрі десе, енді біреулер дәл осы заттар комета ядросының құрамдас бөлігі болып табылады деп ойлап, бұл заттардың кенеттен пайда болуымен келіседі. Дегенмен де, тектиттерді жер бетіндегі ең жұмбақ тастар деп санауға болады, себебі химиялық құрамы жағынан олар жердегі және жерден тыс жалпыға мәлім заттардың ешқайсысына ұқсамайды /6/.

Жаманшыңды 1937-1939 жылдар аралығында алғаш зерттеген ғалымдар А.Л.Яншин мен В.А.Вахрамеев болатын. Геологтар Жаманшыңда зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде жер бетінен палеозой дәуірінің жыныстарын табады. Жаманшың құпияларын ашу мақсатында 1946, 1957, 1961, 1963 жылдары ірі зерттеулер жүргізілген. Жаманшыңның жарылыстан пайда болған ойпат екенін ғылыми түрде дәлелдеген ғалым П.Флоренский болатын. 1989 жылы АҚШ, Канада, ГФР және Франция елдерінің ғалымдарынан құрылған

халықаралық экспедиция ұйымдастырылып, Жаманшың әлем назарын өзіне аударды /1/.

Жұртты баурайтын қасиеті

Жаманшың кратерін геологтар миллион жылдық тарихы бар ең құнды жер деп санайды. Бұл жер – Қазақстанның ұлттық мақтанышы, халық қазынасы. Метеорит құлауының нәтижесінде қайталанбас табиғи жыныстар пайда болған бірегей орынға ғалымдар тарапынан бірқатар зерттеу жұмыстары жүргізілген. Қазір Жаманшың әлемдегі зерттелген орындардың біріне айналып отыр. Бұл жерге келген адам Жаманшың кратерінде түзілген жаманшинит пен иргизит жынысын тамашалап, жұлдыз жарылыстарының түзілуі немесе планеталардың құрылуы барысындағы қалдықтардан пайда болған метеориттер туралы танымын кеңейтеді. Ақтөбенің туризм картасына еніп отырған бұл орынға келген адам әлемде теңдесі жоқ кратермен танысып, түзілген жыныстарды көруге мүмкіндік алады /7/.

Жалпы бұл жер туралы аңыз көп. Ол жерге өсімдік те шықпай, жәндіктер де жолай алмағандықтан, жұрт Жаманшың атандырса керек. Десек те жаугершілік жылдарында қуғын-сүргінге ұшыраған ел осы жерге келіп жасырынып, құрсанып келген қуғыншылар таба алмаған деседі /1/.

Қасиетті орындары

Ырғыз өңірі де Қазақстанның басқа өлкелері сияқты қасиетті орындарға өте бай. Ырғыз ауданы Жайсаңбай ауылында орналасқан Дүйсенбі ахун мешітін Солтүстік Арал маңы аймағының көрнекті ғұрыптық ескерткіші дей аламыз. Сонымен қатар Сәмет батыр кесенесі, Мәні әулие қорымы, Исатай

хазірет мешіті мен Жаныс би кесенесі – киелі өлке туралы сыр шертетін нысандар. Әсіресе, жергілікті халық арасында «Қызыл там» аталған Жаныс би кесенесі қасиетті орынға айналған. Ұзақ жолға шығатындар, тілек-шарапат күткендер би атасының мазарына келіп, аруағына бас иеді. Сырқаттар түнейді. Жаныс бидің адалдығы мен әділдігі туралы өз кезінде «Жаныс биде туған жоқ, бар деушіде иман жоқ» деген мәтел қалған көрінеді.

Тарихтар қойнауына тарта түсетін көне табиғи мұралар бұл өңірде жетерлік. Түзілу шамасы Жаманшың кратерімен қарайлас Атырау мен Ақтөбе облыстарының қиылысар жерінде орналасқан борлы үстірттен де миллион жыл бұрын мекен еткен ұлулардың, теңіз кірпілерінің тасқа айналған теңіз фауналарын оңай табуға болады. Ұзыннан ұзын созылып жатқан ақ жоталар қиял әлеміне жетелеп, биіктігі үйдей тастардың қалай пайда болғанын ойша саралап кетесіз /8/.

24



Ақтолағай борлы үстірті

Ал жалпы көлемі 760 гектардан аса аймақты алып жатқан Торғай қорығында шөл даланың сұлу жануары – ақбөкендерді, жыл құстарының 250-ге жуық түрлерін кездестіре алады.



Төлеубұлақ үңгірі

Осыдан шамамен 250-300 жыл бұрын Солтүстік Арал маңынан Мұғалжар тауына қоныс аударып, мекен еткен Төлеу деген кісінің есімімен Төлеубұлақ атанған петроглифтер де Ақтөбе өңірін ерекшелендіретін ескерткіштердің бірі. Төлеубұлақ петроглифтері бұдан жүздеген мың жыл бұрынғы адамзаттың тұрмыс-тіршілігінен хабардар етеді. Ғалымдардың болжамынша, үңгірді бұдан шамамен 10 мың жыл бұрын тас дәуірінің адамдары мекендеген. Үңгірдің еденінде тереңдігі 5 см, диаметрі 15-25 см көлемінде суреттер ойып салынған. Бұл петроглифтерден тұяққа немесе саңырауқұлаққа ұқсас пішіндер, антропоморфтар, сонымен қатар терең ойып жасалған сызықтар кездеседі. Ғалымдар арасында жоғарыда аталған символдардың ең алғашқылары мезолит, тіпті палеолит кезеңінде, неолоит кезеңінен әрі уақытта пайда болған деген пікір бар. Бұл кешен Қазақстандағы тас дәуірінен қалған ең көне археологиялық ескерткіш болып табылады. Алайда, бірқатар зерттеушілердің пікірінше, бұл шұңқыр тәріздес символдар жер бетінде жүздеген мың жыл бұрын пайда болған ең көне символдар болуы мүмкін деген болжам да бар /2/.



Абат-Байтақ кесенесі

Ақтөбе өлкесі – киелі орындар мен тарихи ескерткіштерге бай қасиетті мекен. Бұл өлкеден Алтын Ордаға дейінгі қыпшақ ұлысынан қалған сәулет туындысы деп есептелетін Абат-Байтақ ескерткішін, қазақ фольклорындағы көрнекті тұлға, талай ұрпақтың көшіне қаһармандықтың үлгісі болған Қобыланды батырдың, жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте есімі елге танылған Есет Көкіұлының және басқа да халық батырлары мен ел қадірлеп пір тұтқан әулие-әнбиелердің кесенелерін көруге болады. Аталған орындар республикадағы тарихи ескерткіштер қоғамының есебіне алынған. Басында шырақшысы бар мұндай орындарға тәу етіп барушылардың саны бір толастар емес.

Ел ішіндегі аңыз-әңгімелерге сүйенсек, кезінде қазақ, қарақалпақ, башқұрт, Орта Азия көпестерін ғана жинап қоймай, Үндістан, Иран, Еуропа елдерінен саудагерлер келген, Қазақстан аумағындағы ең ірі 13 жәрмеңкенің ішінде тауар айналымының көлемі бойынша 9-орынды иеленген Ойыл жәрмеңкесінен қалған мұра – Керуен сарай бүгінде өңірдің мақтанышына айналып отыр. Кірпіш тасы жергілікті жерде күйдіріліп, ағылшындар салған құрылыс келушілерге ерекше сезім сыйлайды.




Қобыланды батыр кесенесі

Бағыт-бағдары

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданының орталығынан оңтүстік-батысқа қарай 40 шақырым жерде орналасқан Жаманшың кратеріне Астанадан, Алматыдан немесе Қазақстанның кезкелген түкпірінен ұшақ, пойыз және автокөлік арқылы баруға болады. Алдымен Ақтөбе қаласына ұшақпен немесе пойызбен жеткен дұрыс. Ал Ырғыз ауданына дейін жолаушылар автобусы немесе жалдамалы автокөліктер жүреді. Аудан орталығынан кратерге дейін туристерді жергілікті таксистер не арнаулы автобустар жеткізіп салады. Жоғарыда аталған басқа да нысандарға облыс орталығынан жеке көлік арқылы жетуге болады.



АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ КАРТАСЫ



35 0 35 70 105km



АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Шежірелі өлке

Алматы облысы – Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысындағы әкімшілік-аумақтық бөлік. Облыс аумағында 16 аудан және 3 облыстық бағынышты қала, 777 елді мекен бар. Облыс батысында Жамбыл, солтүстігінде Балқаш көлі арқылы Қарағанды, солтүстік-шығысында Шығыс Қазақстан облыстарымен, шығысында Қытай Халық Республикасымен, оңтүстігінде Қырғызстан Республикасымен шектеседі. Алматы облысы 1932 жылы 10 наурызда құрылды. 1944 жылы 16 наурызда облыстан Талдықорған облысы бөлініп шықты. Талдықорған облысы 1959–1967 жылдары Алматы облысы құрамында болып, 1967 жылы 23 желтоқсанда қайта бөлінді. 1997 жылы 22 сәуірде Талдықорған облысы таратылып, оның аудандары Алматы облысына қосылды. Өзендері Балқаш–Алакөл тұйық алабында жатыр және жер беті ағын суына тапшы келеді. Ірі өзендері: Іле, Қаратал, Ақсу, Шелек, Шарын, Лепсі, Тентек, Есік, Бүйен. Ірі көлдері: Балқаш, Алакөл, Жалаңашкөл, Сасықкөл, Ұялы, Қошқаркөл. Іле өзені бойында Қапшағай бөгені және СЭС-і салынған. Алматы облысының экономикалық әлеуеті көп салалы өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, көлік пен байланыс және сауда құрылымдарынан тұрады. Өнеркәсіпте электр энергетикасы, машина жасау және металл өңдеу, құрылыс материалдары, тамақ өнеркәсібі, ұн, жарма және құрама жем салалары жақсы дамыған. Облыста жеңіл өнеркәсіп, ағаш өңдеу, фарфор-фаянс өндірістері қалыптасқан. Сонымен қатар қызылша, картоп, көкөніс, бақша, жеміс-жидек және жүзім шаруашылықтары айрықша дамыған. Одан тыс мал, құс шаруашылықтары, бал, сүт, шұбат, қымыз өндірістік шаруашылықтары бар.

Балқаш, Алакөл көлдерінен сазан, көксерке, табан балық, алабұға ауланады. Облыстың киелі орындары – Аңырақай, Орбұлақ шайқастары болған жерлер, Наурызбай, Малайсары, Қапал батырлар, Жамбыл Жабаев кесенелері, «Ереуіл төбе», Есік-сақ қорғаны, Қойлық қалашығы, Таңбалы (Тамғалы) археологиялық кешені, Ш.Уәлихановтың Алтынемелдегі мемориалды кешені мен зираты, «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер кешені, Хан Тәңірі шыңы, Шарын шатқалы, Тамшыбұлақ бастауы, Жаңалық ауылындағы саяси қуғын-сүргін құрбандары жерленген орын /3/.

Бұған қоса жергілікті маңызы бар қасиетті орындардың тізіміне Қора шатқалы, Жаманты (Арасан) бұлағы, Тұздыкөл көлі (Рай апа), Шыңғысханның тұрағы, Ешкіөлмес петроглифтері, «Бесшатыр» қорымы, Талғар қалашығы, Қарамерген қалашығы, Әулиеағаш, Найзатапқан бұлағы, Көтен әулие кесенесі, Түктібай әулие кесенесі, Құлжабай әулие Тайсарыұлы мазары, Смағұл Қажы жерленген жер, Үлпілдек Дарабоз ана жерленген жер, Қарынбай әулие кесенесі, Әбіш ата және Әлжан ана кесенесі, Байтулақ батыр кесенесі, Үйгентас жайлауы, Солтанбай батыр кесенесі, Ескелді би кесенесі, Балпық би кесенесі, Жолбарыс батыр кесенесі, Айту би кесенесі, Мықтыбек батыр кесенесі, Тәнеке батыр жерленген жер, Әлмерек баба кесенесі, Есім Төре кесенесі, Сарыбай бидің жерленген жері, Қараш би кесенесі, Қоғыл әулие, «Сөк төре» кесенелері, Батыр Бөлек Тасыбайұлы кесенесі, Жәлменде би Байшығаұлы жерленген жер, Ақын Сүйінбай Аронұлы кесенесі, Ақын Бақтыбай Жолбарысұлы жерленген жері, Тезек Төре қонысы, Ақын Сара Тастанбекқызы кесенесі, Мамания мектебі, Алаш зиялысы Барлыбек Сыртанов жерленген жер, Алаш зиялысы Базарбай Мәметов кесенесі кіреді /2/.



Хан Тәңірі шыңы

Тянь-Шань сілемдерінің ең биік нүктесі Хан Тәңірі – ілкі бабасын Көк бөриден таратып, Көк Тәңіріне табынған көк түріктердің бүгінгі ұрпағы үшін әлі де қасиетін жоймай келе жатқан киелі орын. Солтүстік жер шарындағы ең биік нүкте болып табылатын бұл шың Қазақстан, Қырғызстан және Қытай елдерінің аумағын басып жатыр. Теңіз деңгейінен 6995 м биіктікте орналасқан, мәрмәр, әк тастардан түзілген таудың басын мәңгі мұз жапқан.

«Тянь-Шань» сөзі қытай тілінен аударғанда «Аспан асты таулары» деген мағына береді. Ежелгі түріктер «Тәңір тағы» атандырған Хан Тәңірінің екінші атауы – Қантау. Бұл оның күн батардағы көрінісіне сәйкес қойылған деген болжам бар. Өйткені тау жыныстарының шөгуі нәтижесінде пайда болған мәрмәр тастар батар күнмен шағылысып, таудың басын алқызыл қан жапқандай әсерге бөлейді.

Хан Тәңірі туралы халық аңызында бұл жердің Тәңірдің тұрағы екендігі айтылады: Бастапқыда жер де, аспан да

болмаған, тек қиырсыз теңіз болған. Бір күні теңіздің ортасынан Ақ Жарық пайда болады да, оның ішінен жарқыраған алтын жұмыртқа шығады. Жұмыртқаның ішінде болашақта бүкіл әлемнің жаратушысы Тәңір ұйықтап жатқан екен-мыс. Ол миллиондаған жыл ұйықтайды. Күндердің күнінде оянып, жұмыртқаны жарып шыққан Тәңір қабығының үстіңгі бөлігінен аспанды, астыңғы бөлігінен жерді жасайды. Аспан айналып жерге түспеуі үшін арасына Темірқазықты қояды. Ал жұлдыздар болса Темірқазыққа байланған Тәңірдің пырақтары екен. Ары қарай жер бетіне ұрпақтарын тарату үшін ол екіге бөлініп, әйел құдай Ұмай ана пайда болады да, ол қасиетті тау Мұзтаудың басына қоныстанады. Мұзтаудың жотасынан ағып барып құлайтын Құс жолы Ұмай ананың сүті деп есептейді және ол Мұзтау етегіндегі Сүткөлге барып құяды. Тәңірдің демі – жел мен бұлт, дауысы – күркіреу, оң көзі – Күн, сол көзі – Ай. Қара ниетті күштер адамзат баласына қауіп төндіргенде Тәңір өзінің ұрпақтарын қорғап, аспаннан найзағай жарқылдап, қаһарын қара түнекке қарсы жұмсайды.../9/ Мұқағали ақынның:

*Шыңның мен танымаймын аласасын,
Төбе де аласамен таласасың.
Тянь-Шаньның шашақтаулы найзасындай
Қайсың Хан тәңірімен жанасасың?
Шыңның мен ұнатамын биіктігін,
Шырқай кеп шыңырау көктен сүйіпті Күн.
Түндігін түртіп тұрған көк аспанның,
Қанеки, Хан тәңірінен иықты кім?! –*

деген жыр жолдары осынау қастерлі өлкенің бар кереметін паш етіп тұрғандай.



Шарын шатқалы

Шарын шатқалы – Шарын өзенін 154 шақырым бойлай жатқан, Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің құрамына кіретін табиғи нысан. Табиғатының әсемдігі Шарын шатқалын саяхатшылар жиі баратын, үлкен сұранысқа ие мекенге айналдырып отыр.

Шарын шатқалы – палеолит дәуірінен бүгінгі күнге жетіп отырған ескерткіш. Шатқалға салынған жабайы аңдардың бейнесі бұл аймақта палеолит дәуірінде қандай жан-жануарлардың мекендегені туралы сыр шертсе, биіктігі 150-300 метрге дейін жететін «Қамалдар аңғары», «Жалмауыз кемпір шатқалы» және т.б. құмды жарлар туралы аңыз-әңгімелер жергілікті халықтың дүниетанымынан хабардар етеді. Ал ересек адамның құшағы жетпейтін алып ағаштар бұл ағаштардың саясында жалғыз көзді дәулер демалып, бұтағына алып самрұқ ұя салғаны шын болар деген ертегі сезімге жетелейді.

Шарын шатқалының климаты – континентальды. Қоңыржай климаттық белдеуге кіреді. Материктің ішінде аумақтың географиялық орнымен, мұхиттарға алыстығымен, төменгі ендікпен, атмосфералық айналымның жағдайымен анықталады. Қысты күні аумаққа Сібір барикалық жоғары сілемдері, жазда Орта Азиялық термиялық депрессия әсер етеді. Көктемі созылып, құбылмалы болады. Кей жылдары үсік жүріп, қар жауады. Күзде қарсы және циклонды құбылыстар күшейеді. Ұлттық бақтың негізгі аумағы Іле тауаралық шұңқырының орталық бөлігінен айқын көрінеді. Сонымен бірге, шығыстан батысқа қарай қуаңшылық байқалады. Батысында және Сөгеті – Бұғыты сілемдерінде көктемде 325 мм, ал шығысында 125 мм жауын жауады /10/.



Тамшыбұлақ

Тамшыбұлақ – Алматы облысы Ақсу ауданына қарасты киелі мекен. Бұлақ Қапал өзені жағасындағы тау бөктерінде, теңіз деңгейінен 975 м биіктікте орналасқан. Тамшыбұлақ

қайнары – жолаушыға күш-қуат сыйлайтын емдік қасиетімен жұртшылықты қызықтырып отырған орындардың бірі.

Таудан тамшылаған шипалы судың пайда болуы туралы мынадай аңыз бар: «Ертеде Текесте бір кедей жігіттің жақсы аты болыпты. Өзінде мың жылқысы болса да, кедейдің жалғыз жақсы атына қызғаныш білдіріп бір бай таласыпты. Жігіт атын бермеген соң оның үстінен биге шағым жасайды. Би мен бай астасып, жігітті құдалап, жазалауға кіріседі. Бұл өңірде тұрақтап тұру мүмкін болмасын білген жігіт сүйген жары Гүлсімай деген қызбен екеуі қашып Көксудың басы Арасан мен Аршалы өңіріне барып мекендейді. Гүлсімайды тоқалдыққа алмақ болып құдаласқан қаусаған шал өз жайына қала беріпті. Жігіт пен қыз бір күні аң аулап тау басына шыққанда бұларға бір алып айдаһар кез болып, мылтық, қылышымен қарсыласқанына қоймай жігітті жұтып қойыпты. Мұны көріп шошынып қашқан қыз қорыммен еңіс құлап домалайды. Бұл құбылысты көріп отырған бір аңшы жігіт жалма-жан жетіп барып, қызды құтқарады, есіне келген соң қызды ел ішіне алып жүрмек болғанда қыздың мініп жүрген аты қашады. Атты ұстамақ болып аңшы жігіт артынан кетеді. Сол кезде қыз ауыр қиялға батады. Басына келген ауыр қайғы-қасыретке, сүйкімді де сүйікті жарының артында қалғанына құсаланады. Дүниеде тірі жүруім қажетсіз деген тұжырымға келеді де, өзін құзар шыңнан тастап, дүние салады. Өлден уақыттан соң атты ұстап аңшы жігіт келсе, қыз жоқ, іздеп жүріп қыздың сүйегін тауып алады. Өкініш білдірген аңшы жігіт қыздың сүйегін жерлеп ауылына қайтады. Осы арада қызға арнап, «Гүлсімай» деген өнін шығарыпты:

*Ауылым көшті Көксудың аңғарына,
Сұлудың сөз айтайын заңғарына.
Құлан текті домалап құлап түсіп,
Не болдың Аршалының аңғарында.*

*Ойпырым-ай, Гүлсімай,
Көрген күнің құрысын-ай.
Меңіреу шал мейман боп жүр өз алдына,
Қайранмын қалқатайдың хал-жайына.
Өмірден жарық көрмей өткеніңді,
Құдайдан сұрап көрдім жалбарына.
Әттең, шіркін Гүлсімай,
Көрген күнің құрсын-ай.
Гүлсімай, Гүлсімай,
Көрген күнің құрсын-ай.*

Осы оқиғаға байланысты айдаһардың денесімен Көксу арасаны пайда болыпты. Қыздың көз жасымен Тамшыбұлақ, одан Көксу өзені пайда болыпты /4/.

Шындығында да Тамшыбұлақтың суы жердің үстіңгі қабатынан төменге қарай ағып, құдды бір тау-тас жылап тұрғандай әсер етеді. Қайнардың суы мөлдір, дәмі тұщы, жұтуға жұмсақ, қысы-жазы бірқалыпты температураны сақтайды. Ел арасында денсаулыққа тигізетін пайдасымен, әсіресе қан қысымын реттеудегі оң әсерімен танымал.

Жұртты баурайтын қасиеті

Ел арасында Хан тәңірінің басына шыққан адамның барша арманы орындалып, тілегі қабыл болады деген наным бар. «Адам күбірін тау естиді, тау күбірін Тәңірі естиді» деген қанатты сөздің шығуы тегін емес. Бұл халқымыздың тауға ерекше сипат беріп, сыйыну, табыну орнына айналдырғанын көрсетеді.

Тянь-Шань сілемдерінің ең биік нүктесі болып табылатын бұл шың өзінің таза ауасымен, қойнауындағы бағалы қазынасымен құнды. Қып-қызыл мәрмәр тастардан өрілген алып шың адамға күш-қуат сыйлап, жігерінді шыңдай түседі.

Таудың етегін бойлай біткен орманда емдік және сирек кездесетін өсімдіктер жайқала өсіп, жан-жануарлардың небір түрі мекендейді. Әсіресе, жылтыр жартастың басына орғып шыққан ортекелер мен тауешкілер өз сұлулықтарын паш етіп, саяхатшыларды осынау бір тылсым мекенге тарта түседі.

Хан тәңірі адамды аспан әлеміне жетелеп, қиялыңды биікке қарай самғатса, Шарын шатқалы өзен-сулы, ойпатты-қыратты жазира даланың әсем көрінісін паш етеді. Жануарлар әлемінің байлығы және көз тартар сұлулығы жағынан Шарын шатқалы әлемнің кез келген табиғи ескерткіштерімен бәсекеге түсе алады. Ұлттық парктің аумағында 940 түрлі өсімдік өседі, оның 60-қа жуығы эндемиктер. 21 түрлі өсімдік қорғауға алынып, Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Сүт қоректілердің 60, құстардың 300, бауырмен жорғалаушылардың 20, балықтың 10 түрі бар /27/. Шатқалға саяхаттаған жан соғды еренін, аса сирек кездесетін ауған терегін, әртүрлі жапырақты теректі, іле ұшқатын, семенов үйеңкесін, жоңғар реомюриясын, іле сексеуілін тамашалап, ал кәсіби саятшылар сирек жолығатын қолаңтас, жыланшы қыран, қара дегелек, үкі, ителгі, жұртшы, орта азиялық бақа, шұбар батбат кесіртке сияқты жануарлар дүниесін кездестіре алады.

Ал 12,6 мың шаршы шақырым аумақты алып жатқан қасиетті Ақсу өңірінде Шоқан Уәлихановтың, Ілияс Жансүгіровтің, ақын Сараның, Барлыбек Сырттановтың және басқа да халқымыздың біртуар перзенттерінің іздері жатыр.

Бұл өңірге жол түскен адам «Қапал-Арасан» шипажайына аунап-қунап қайтса, бойдағы бар дертінен айығып, ерекше қуаттанып қалады деген иланым ел арасында кең тараған. Шындығында да сонау 1850 жылдары іргетасы қаланып, күні бүгінге дейін талай науқасты сауықтырып, талай жанды тынықтырып отырған шипажайдың суы – көп ауруға шипа /11/.

Суы түрлі минералдарға бай, батпағының емдік қасиеті мол көлдер бұл өңірде баршылық. Олардың көпшілігіне сол жергілікті жердің тұрғындары барып емделіп, ауруларынан құлан-таза айығып кетіп жатады. Осындай дертке шипа болатын нысандардың біріне Тұздыкөл көлі немесе ел арасында Рай апа көлі деген атпен танымал болған көл жатады. Ақсу ауданы Құрақсу ауылынан 15 шақырым қашықтықта оңтүстік шығыста орналасқан тұзды көл – табиғи емдік қасиеті мол, көркем жер.



Тұздыкөл (Рай апа) көлі

Бұл жер туралы ел арасында аңыздың бірнеше нұсқасы тараған. Оның бірінде: «Осы өңірде Рай есімді әйел тұрған екен. Бірде оның үстін белгісіз жара қаптап кетеді. Әйелдің үстіне шыққан жарадан ауыл адамдары шошынып, оны елсіз жердегі тұзды көлдің маңайына жападан-жалғыз апарып тастайды. Жапан далада күн көрген әйел тұзды көлдің суына шомылып, үстін басқан жарадан арылады. Емделіп кеткенін көрген ел адамдары оның ауылға оралуына рұқсат береді. Бірақ әйел осы көлдің басында қала береді. Ол қайтыс болғаннан кейін ел-

жұрты әйелді осы жерге жерлеп, көлді Рай апа көлі атандырып жіберсе керек» - делінеді. Ал аңыздың келесі нұсқасында оқиға былай өріледі: «Қалмақ-қазақ жаугершілігі жылдары екі баласымен қалмақ әйелі қазақ батырының қолына түседі. Олардың өлтірмеуін сұрап жалынған тілектерін қабыл еткенімен, батыр қалмақтарға деген өшпенділігін ұмытпай, ұлдарын құл, әйелді күң етеді. Десек те, әйел де, балалары да қазақтарға адал қызмет етеді. Көктемде ел жайлауға көшкен кезде батырдың бұйрығымен олар көшке ілесе алмайтын көтерем малды бағу үшін жұртқа тасталады. Күз түсе қыстауға оралған ел өз көздеріне өздері сенбестен таң қалады. Көштен қалған малдары әбден семірген, күннің өзі тірі, ал құлдар өлгенін байқайды. Малға шапқан қасқырдан қорғаймыз деп екі ұлының қайтыс болғанын естіген батыр әйелдің адалдығына тәнті болып, басына азаттық береді. Осы жерді мәңгілік мекеніне айналдырып, көлді Рай апа көлі деп сол қалмақ қызының атымен атайды».

39

Қасиетті орындары

Алматы облысында адамдардың ежелгі тұрмыс-тіршілігінен мағлұмат беретін ескерткіштер жеткілікті. Сондай мұралардың біріне Ешкіөлмес тау жотасында сақталған петроглифтерді айтуға болады. Тау мен Көксу өзені арасындағы кең алқаптан табылған бұл мұраны ғалымдар біздің жыл санауымызға дейінгі екінші мыңжылдықта жасалған дүние деп болжауда.



Қойлық қалашығы



Тамғалы петроглифі

Аса ірі ежелгі қалалардың біріне жататын Қойлық қаласы Қазақстанның аумағында ірі өркениеттің болғандығын дәлелдейтін құнды ескерткіштердің қатарынан орын алады. Қазба жұмыстарының нәтижесінде алынған деректер тұрғындардың тұрмыс-тіршілігінен, діни ұстанымынан зор мағлұмат берсе, көнеден жеткен жәдігер, Қазақстандағы ЮНЕСКО Әлемдік мұра нысандарының тізіміне енген Тамғалы петроглифі жетісулықтардың үлкен мақтанышына айналған. Шатқалды бойлай өскен қалың

бұталы ағаштар, ерте көктемнен гүл жаратын шөптесін өсімдіктер, дала гүлдері бұл өңірге ерекше көрік береді. Тамғалыдан сирек кездесетін өсімдіктер мен жабайы қасқыр, түлкі, қоян, тасбақа, жылан және балабан, сұңқар, дала бүркіті сынды құстарды көруге болады. Ал шатқалға қашалған петроглифтер адамдар мен жануарлар дүниесінен, ежелгі адамдардың өмір салтынан сыр шертеді.


Бағыт-бағдары

Хан тәңірі Алматы қаласынан 351 шақырымдай жерде Қазақстанның Қытаймен шекарасына жақын орналасқан. Алматыдан аудан орталығы мен Нарынқол ауылына дейін жалдамалы жеңіл автокөлік немесе қоғамдық көліктер қатынайды. Шарын шатқалына бару үшін де осындай тәсілді қолдануға болады. Алматы қаласының «Саяхат» автобекетінен Кеген және Нарынқолға дейін автобустар жүреді. Шарын шатқалы бұрылысында автобустан түсіп, шатқалға дейін 10 шақырым жерді жаяу жүруге тура келеді. Алматыдан өз автокөлігімен немесе жалдамалы жеңіл көлікпен шыққан адамға көлік жолы 195 шақырымды, шамамен үш сағатты құрайды.


Жоғарыда аталған екі қасиетті мекен Алматы облысы Райымбек ауданының аумағында орналасса, киелі Тамшыбұлақ Алматы облысы Ақсу ауданының аумағында орналасқан. Тамшыбұлаққа Талдықорғаннан Ақсу ауданының орталығына дейін жетіп, әрмен қарай жергілікті жүргізушілердің немесе арнаулы автобустардың қызметін пайдаланған дұрыс.



АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ КАРТАСЫ



Масштабы 1:5 000 000



АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Шежірелі өлке

Атырау облысы – Қазақстан Республикасының батысындағы әкімшілік-аумақтық бөлік. 1938 жылы қаңтарда Гурьев облысы деген атаумен құрылып, 1992 жылы осы өңірдің байырға тарихи атауы қайта қалпына келтірілді. Солтүстігінде Батыс Қазақстан облысымен, шығысында Ақтөбе облысымен, оңтүстік-шығысында Маңғыстау облысымен және батысында Ресейдің Астрахан облысымен шектеседі. Сондай-ақ оңтүстік шекарасы Каспий теңізіне келіп тіреледі. Әкімшілік жағынан 7 аудандық, 2 қалалық, 6 кент, 65 ауылдық округтерге бөлінген. Атырау облысының жер беті сулары Еділ өзенінің сол жақ тармақтарынан, Жайық, Ойыл, Жем, Сағыз өзендерінің төменгі ағыстарынан және үлкенді-кішілі көлдерден тұрады. Ірі көлдері – Индер, Жамансор, Айғыркөл, т.б.

Жайық өзені кеме арқылы әртүрлі жүк және жолаушы тасымалдауға пайдаланылады, балық ауланады. Облыстың өзен-көлдерінде балықтардың көптеген түрлері бар. Облыс өнеркәсібі жергілікті табиғи және ауылшаруашылығы шикізаттарын өндіру мен өңдеуге бағытталған. Мұнай өндіру, балық аулау және оны өңдеу, химия, машина жасау, металл өңдеу, құрылыс материалдарын өндіру, сондай-ақ тамақ және жеңіл өнеркәсіп салалары дамыған. Мұнай Мақат, Доссор, Қосшағыл, Байшонас, Комсомол, Құлсары, Қаражон, Теңіз, Биікжал, Мұнайлы, Прорва, Сарықамыс, т.б. кәсіпшіліктерінде өндіріліп, Атырау мұнай өңдеу зауытында өңделеді. Ресейдегі, т.б. шетелдердегі мұнай өңдеу зауыттарына жіберіледі. Балық аулау мен өңдеу өнеркәсібі негізін Каспий теңізіндегі 200-ден астам балық аулау кемелері

мен 9 зауыт, Балықшы кентіндегі балық консервілеу комбинаты мен Шортанбай балық зауыты құрайды. Облыс ауылшаруашылығы, қой, ірі қара, жылқы мен түйе өсіруге маманданған. Облыстың киелі орындары – Иманқара кешені, Аралтөбе тарихи-археологиялық кешені, Сарайшық қалашығы, Ұшқан ата, Ақмешіт қорымдары, Құлшан ата жерасты мешіті, Махамбет Өтемісұлы кесенесі /3/.

Бұған қоса жергілікті маңызы бар қасиетті орындардың тізіміне Индер тұзды көлі, Кененбай үңгірі, Ақтөбе-Лаэти қалашығы, Қорғанша қалашығы, Алып ана қорымы, Мәтенқожа әулие мазары, Бөкен би кесенесі, ақын Шернияз Жарылғасұлы кесенесі, Байбақты әулие Қармысұлы кесенесі, ақын Бала Ораз Өтебайұлы мазары, Сұлтануәйіс әулие Ыбырайұлы мазары, ақын Мұрат Мөңкеұлы кесенесі, Әулие Сары ата (Есмағамбет Тулымұлы Досмағамбетов) мазары, ақын Ығылман Шөреков жерленген жер, әулие Зейнеден Құрасұлы кесенесі, Алтын қорымы, Дүйсеке ата мешіті, Жұбан кесенесі, Әжібай би Болпашұлы кесенесі, Оңай ата кесенесі кіреді /2/.



Иманқара үңгірі

Иманқара кешені – шежіресі тым әріден бастау алатын аймақтың ерекше бағаланатын табиғи мұраларының бірі. Бұл архитектуралық ескерткіш Құлсары қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 60 км жерде орналасқан. Таудың ұзындығы екі шақырым, ені 300, биіктігі 200 метр. Үстіңгі тегіс жазықта 18 қорған салынған. Олардың биіктігі 0,5-1 ал, диаметрі 3-15 метр аралығында /12/.

Иманқара кешені де Қазақстанның аумағында өзіндік өркениеттің болғандығын дәлелдейтін, адамзаттың тарихи дамуындағы маңызды кезеңдер туралы болжам жасауға мүмкіндік беретін көне қоныстар мен тұрақтардың қатарынан орын алады. Үңгірдің биіктігі – 2 м, ені – 2,5 метр. Тереңдігі – 25 метр. Тік төрт бұрышты болып қазылған. 3 дәлізден және қосалқы қуыстардан тұрады. Жұмсақ құмайт жынысты кеулеп қазып, қосалқы дәліздер жасалған. Қабырғаларында күрек, қайла іздері байқалады. Үңгір қабырғалары мен төбесі күйеден қарайған. Іштен шығарылған тау жынысы 10 метр қашықта үйіліп жатыр.

Жұртты баурайтын қасиеті

Тас ғасыры, ерте темір және қола дәуірлері кезінде өмір сүрген адамдардың мекендеріне айналған өлкеден табылған қанжар, қола жебе, қола айна, шыны моншақ, қыш ыдыстар т.б. жәдігерлер көне дәуірдің тылсымына тарта түспек.

Иманқара тауының қасиетіне табыну өз бастауын әріден алады. Сонау ерте темір дәуірінен бастап адамдар табынатын әулиелі жерге айналған үңгір күні бүгінге дейін тылсым құпиясымен елді баурап келеді. Таудың үстіндегі тегіс жазықтықта орналасып, сарматтар жерленген тас обалар біздің эрамызға дейінгі V-ші ғасырлардан сыр шертеді /13/.

Иманқара үңгірі туралы қай ғасырдың да өз аңызы бар. Алғаш табиғи үңгір түрінде пайда болған қуысты жаңа тас (неолит) дәуірінде алғашқы адамдар мекендеп, өсіп өнеді. Бұл сөзімізге үңгірдің маңындағы обалар мен қорымдар, оларға жасалған археологиялық экспедициялардың қорытындылары дәлел бола алады. Кейінірек үңгір жер асты ғибадатханасы ретінде пайдаланылды десек қателеспейміз. Ел арасында 1944 жылы бұл үңгірге неміс-фашистердің диверсиялық топтары жасырынған деген аңыз-әңгіме де бар. Ол туралы С.Шәкібаевтың «Үлкен Түркістанның күйреуі» деген шығармасында кеңінен баяндалған.



Индер тұзды көлі

Қазақстанда теңдесі жоқ Мұзқұдық, Индер тұзды көлі Атырау өлкесінің мақтанышына айналып отыр. Индер тұз көмбесі 250 мың шаршы шақырым жерді алып жатыр. Шөгу жағдайы мен сапасына қарай, Индер ас тұзы кені қатты

пайдалы қазбалар кен орындары қорының жоғарға 1-тобына жатқызылған. Тұзды көлдің қара балшығы Юр, Бор дәуірінен бері келеді деп болжануда /2/.

Көлді айнала бірнеше бұлақтар ағып жатыр. Соның ішінде «Қыз әулие» бұлағы ерекше сұранысқа ие. Өз бастауын жылдар бойы ерімейтін мұз жатқан үңгірлерден алатын мөлдір бұлақ құрамы жағынан адам ағзасына аса қажет минералдардан тұрады. Ал халық аңызына келер болсақ, бұлақ күнәдан пәк жас қыздың көз жасы екен. Жаугершілік заманында елін қорғауға аттанған һас батырды күткен жас сұлу осы жерде құсадан қайтыс болса керек. Қыздың құлаған жерінен сарқырап аққан бұлақ науқас адамдарға шипа боларлық қасиетті иеленіпті. Аңсаған бақытына жете алмай арманда кеткен бойжеткеннің аруағы әсіресе өзіне тәу етіп келген қыз-келіншектердің тілегін орындайды екен. Сол себепті де бала көтере алмай жүрген келіншектер бұлақтың басына түнеп, киелі суды қолданып, ниеттерінің қабыл болуын тілейді.

Киелі орындары

Ақтөбе және Атырау облысы шекарасында, Сағыз өзенінің аңғарында, Сағыз теміржол станциясының оңтүстік-шығысында 10 шақырым жерде орналасқан Алып ана қорымы – осы өңірдегі көпшілік жиі тәу ететін киелі орындардың бірі. Жазба деректерінде мұнда алып батыр әйел жерленгені айтылады. Археологиялық зерттеулерде бұл жерде XIV-XVI ғасырларда ортағасырлық күмбез тұрғаны көрсетілген. Алып ана қорымы XIX ғасырдың 2-жартысы мен XX ғасырдың басына жатады. Құлпытастарда әйел адамның әшекей бұйымдары, аяқкиімдері бейнеленген.

Бір аңызда Алып Ана ел қорғаған батыр десе, екіншісінде Түкті Ата мен Алып Ананы ертедегі жырларда кездесетін Баба түкті Шашты Әзиз атамен байланыстырады. Алып ана Түкті атаның әйелі болса керек. Баба түктінің зайыбы Шашты Әзиз өзінің еріне үш түрлі шарт қояды: біріншісі, басын жуғанда басына қарамау, екіншісі, қолтығының астына қарамау, үшіншісі, аяғына қарамау. Баба түкті әулие алғашқыда келіскенімен, қызығушылықпен бір күні жасырын сығалап қараса, шашты Әзиз басын қолына алып жуып отыр екен, қолтығынан өкпесі көрініп тұрады екен, ал аяқтарының башпайлары теріс қарап тұрған пері қызы екен дейді. Баба Түктінің қарап тұрғанын көрген пері қызы енді мен саған жоқпын, сен уәдеңде тұрмадың деп қаша жөнелген екен дейді. Қап тауынан ба, болмаса Алтайдан ба немесе Арқадан ба жеткен жерлері Сағыз өзенінің екі жағынан екеуі мәңгілік орын тепкен деген аңыз бар /2/.



«Мен бүкіл әлемді шарлап шықтым, Сарайшық Бағдадтан кейінгі ең үлкен қала екен. Ол жерде ханның мөлшерлемелері, төрт жалтыраған мешіт және көптеген қонақ үйлер орналасқан. Мені таң қалдырған бұл емес, су жіберу жүйесі. Сарайшықта су әрбір үйге өзі кіреді. Осыны көргеннен кейін мен шын мәнінде таң қалдым» дегізіп, араб саяхатшысы



Аралтөбе кешенді жәдігерлері

сы Ибн Баттутаны тамсандырған Сарайшық қаласы – еліміздің мақтанышы. Айбынды Алтын Орданың ірі сауда орталығы болған, ғылым мен мәдениеттің ошағы, батыс өлкедегі исламның алғашқы діни орталығы болған әулиелі орын қазақ хандығына қатысты талай маңызды оқиғалардың куәгеріне айналды.

«Аралтөбе» тарихи-археологиялық кешенінен табылған жәдігерлер сол дәуірдегі тұрмыс-тіршіліктен хабардар етсе, Құлшан ата жер асты мешіті өлке тұрғындарының діни наным-сенімін паш етеді.



Құлшан ата мешіті

Бағыт-бағдары

Иманқара кешені Атырау облысы Жылой ауданында орналасқан. Бұл архитектуралық ескерткішке Атырау облысының Құлсары қаласынан жолаушылар автобустары, жеке көлік және жалдамалы жеңіл көліктер арқылы жетіп алуға болады. Құлсары қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 60 шақырым жерде орналасқан кешен қасиетті жерге тәу етіп, зиярат жасаймын деушілерді де, көне дәуірден қалған ескі жәдігерді өз көзіммен көріп, ғасырларға саяхат жасаймын деушілерді де алыстан мен мұңдалап шақырады.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ КАРТАСЫ



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Шежірелі өлке

Қарағанды облысы – Қазақстан Республикасының орталығында орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлік. 1932 ж. 10 наурызда құрылған. Солтүстігінде Ақмола, солтүстік-шығысында Павлодар, шығысында Шығыс Қазақстан, оңтүстігінде Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, батысында Ақтөбе, Қостанай облыстарымен шектеседі. Облыс 9 ауылдық, 2 қалалық әкімшілік аудандарға бөлінеді. 11 қала, 39 кент, 168 ауылдық әкімшілік округі бар. Қарағанды облысы өзендерінің ішіндегі шаруашылыққа маңыздылары Балқаш–Ертіс суайрығынан басталып, Теңіз–Қорғалжын көліне құятын Нұра, оның сол салалары – Шерубайнұра және Құләнәтпес пен Көң өзендері. Сонымен қатар Қарасор көлі алабының өзендері – Жарлы, Қарқаралы, Талды және Ертіс алабына жататын Есіл, Өлеңті, Шідерті, Түндік өзендерінің де маңызы айтарлықтай. Қарағанды облысында 1910 көл бар. Олардың 90%-ы облыстың солтүстік аудандарында шоғырланған. Ірілері: Балқаш, Қарасор, Қыпшақ, Керей, Қарақойын, Қияқты, Шошқакөл, Балықтыкөл, Шыбынды, Тассуат, Ащысу. Облыста 460 тоған мен бөген бар. Олардың ірілері: Нұра өзеніндегі Самарқан, Шерубайнұра, Жартас, Самар, Кеңгірдегі Кеңгір, Жезді, Атасудағы Қылыш, Сарысаздағы Ақтасты, Поливное, Қумоладағы Қарсақпай бөгендері. Ертіс–Қарағанды–Жезқазған каналдары Атасу кентіне дейін салынды. Облыс жерінің оңтүстік-шығыс бөлігінде су айдыны көлемі жағынан Қазақстандағы үшінші көл – Балқаш жағалауы кіреді. Қарағанды облысы – Қазақстанның ең ірі өнеркәсіп кен байлықтары мен ауылшаруашылығы шикізатының негізін-

де көмір өндіру, энергетика, қара және түсті металлургия, химия өнеркәсібі, машина жасау және металл өңдеу, құрылыс индустриясы, жеңіл және тамақ өнеркәсіптері дамыған облыс экономикасының ірі орталығы. Ауылшаруашылығының басты салалары – жаздық астық өсіру, етті-сүтті сиыр, қой, жылқы өсіру. Өнеркәсіп орталықтарына таяу жерде қала маңына тән ауылшаруашылығы дамыған (сүтті сиыр, құс, шошқа өсіру, картоп, көкөніс өсіру) /3/.

Облыстағы киелі орындар – «Беғазы» археологиялық кешені, Теректі әулие петроглифтері, Бектау ата тауы және үңгірі, Ұлытаудағы Ақмешіт әулие биігі, Едіге, Алтыншоқы таулары, Бұланты шайқасы болған жер, Бұқар жырау, Домбауыл, Алаша хан, Жошы хан, Баян батыр, Жидебай батыр, Байғозы батыр, Ағыбай батыр, Жұбан ана, Тәттімбет Қазанғапұлы, Шанышқылы Бердіқожа батыр кесенелері, Құнанбай қажы мешіті, Долинка кентіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау музейі, Тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығы (Теміртау қаласы). Бұған қоса жергілікті маңызы бар қасиетті орындардың тізіміне Қарқаралы тауы, Шайтанкөл (Әулиекөл) көлі, Үш үңгір тауы, Едірей таулары, Мәдидің қара үңгірі, Қарағаш ормандары, Арғанаты тауында орналасқан тас мүсіндер және Балбұлақ бұлағы, Талды II қорымы, Қаражартас қорымы, Ақсу-Аюлы II қорымы, Байқоңыр петроглифтері, Ұлытаудағы Хан ордасы, Ақтау бекінісі, Кент қалашығы, Тайатқан-Шұнақ петроглифтері, Желтау петроглифтері, Тасарал қорымы, Басқамыр қалашығы, Қосұйтас, Қара дың-Егінді және Байқоңыр жерлеріндегі Дың ғұрыптық кешен, Қызылкеніш сарайы, Дулығалы мешіті, Батыр Сенкібай Оразғұлұлы кесенесі, Ерден Сандыбайұлы кесенесі, Болған ана кесенесі, Құлан Қатын кесенесі, Аяққамыр кесенесі, Мәди ақын жерленген жер, Шөже ақын жерленген жер, Ал-

шынбай би жерленген жер, Байдалы би кесенесі, Матақ батыр мазары, Жекежал қыстағы (Әлихан Бөкейханның туған жері), Талды бейіт (Бөкейхан әулетінің қорымы), Нарманбет ақын кесенесі, Шабанбай би кесенесі, Сана би кесенесі, Қойлыбай әулие кесенесі, Мейрам Жанайдарұлы кесенесі және Жанайдар батыр сәулеттік кешені, Ақын Шортанбай Қанайұлы кесенесі, Күйші Тоқа Шоңманұлы жерленген жері, Кейкі батыр үңгірі, Бекметовтер үйі (Абай тоқтаған үй), Мақат сағанасы, Қара төбе (Мамочкино) қорымы, Қоянды жәрмеңкесі кіреді /2/.



Әулиетау шыңы

Әулиетау – аумағы 200 шақырымды алып жатқан Ұлытау қырат тауларының ең биігі. Оның биіктігі 1100 метр. Жергілікті халық бұл тауды Әулиеата деп те атайды. Ал Әулиетаудан бастау алып, сыңғырлап ағып жатқан бұлақты Әулиебұлақ атандырған.

Мұнда Алтын Орданың ханы Тоқтамыс пен Ноғай Ордасының әміршісі Едіге қатар жатыр. Көзі тірісінде бір-бірімен жауласқан екі тарихи тұлға қайтыс болғанда осы қасиетті жерге қатар жерленеді. Тірлігінде өзара текетіресіп өткен қос тұлғаны жер ана өз бауырына алып, бір өңірдің қасиетті топырағымен бетін бүркеуінің өзі кейінгі ұрпаққа үлкен ғибрат беретіндігіне Елбасы Н.Назарбаев ерекше тоқталып өткен болатын /14/.

Ұлытау өлкесі тарихи ескерткіштер мен аңыздарға өте бай. Бұл аңыздар Тұмар ханшайым, Ескендір Зұлқарнайын, Шыңғысхан, Заратуштра есімдерімен тығыз байланысты.

Адамзат тарихындағы ең алғашқы пайғамбарлардың бірі, бұдан үш мың жылдай бұрын Ұлы Тұран жазығында дүниеге келген ойшыл ғұлама Заратуштра түркі халықтарындағы аңыздарда Зербеш баба деген атпен белгілі. Әлемді Жаратушының аян беруімен отыз жасынан бастап бір ғана құдайға сыйыну туралы Ұлы Шындықты насихаттаған Заратуштра ең алғашқы уаһиын нақ осы Әулиетау үңгірінде қабылдаған деген аңыз бар.

«Әулиетау сонау қола ғасырда, яғни біздің жыл санауымызға дейінгі II мыңжылдықтың өзінде қасиетті жер болып есептелген» деген пікірді Қазақстанның танымал археологы, тарихғылымдарының докторы, профессор Виктор Зайберт 2011 жылы айтқан болатын /15/.

Ұлытау ауылының батыс шетіндегі



Беғазы – Дәндібай қорымы



Теректі әулие петроглифтері

өзеннің жағасынан қола дәуірінің қоныс-мекендері табылған. Қарсы жағалауда ескі қорымдар орналасқан. Қорымдардың артында батыс беткейде мөлдіреп аққан бұлақ бар. Бұл бұлақты жергілікті тұрғындар «Гүлсара ана» атандырып, оның емдік қасиетіне ерекше иланады /16/. Жергілікті халық арасында Әулиетау етегіндегі шипалы бұлақтың суымен Гүлсара ана ем жасаған деген аңыз бар. Бұлақтың суы асқазан, бүйрек, өт жолындағы тастарды түсірсе, мойыл, итмұрын, долана, қарақат сияқты шөптесін өсімдіктер адамның ішкі ағзасына оң әсерін тигізетіні анық.



Бектау ата тауы

Бектау ата тауы және үңгірі – қазақ халқы үшін қастерлі де қасиетті мекендердің бірі. Таудың биіктігі – 1213 м. Бұл аймақтың табиғаты өте тамаша, ағып жатқан мөлдір бұлағы, шағын орманы бар. Көптеген үңгірлер, үйінді тастар, қорғандар кездеседі. Таудың орта тұсында «Әулие үңгірі» деген үңгір бар. Халық аңызы таудың атауын Бектау ата, Бегазы, Атабек сияқты кісі есімдерімен байланыстырады. Енді осы аңыздарға қысқаша тоқталайық. Бір аңызда Атабек әулие шапқыншылардан қашып келіп осы тауды паналаған делінеді. Алланың әмірімен үңгірдің түбінен су пайда болып, Атабек шапқыншылардан аман қалған көрінеді. Ел арасында бұл қасиетті орынды Әулиетау деп атау осыдан шықса керек.



Бектау ата үңгірі

Келесі аңызға үңілсек, Әулие, Бек және Бегазы деген үш батыр өмір сүріпті. Үлкен шайқас болып, Әулие батыр осы жерде дүние салады. Содан бастап «Әулие ата» деп аталып кеткен екен.

«Ертеректе осы таудың маңын жайлаған екі рулы ел өзара жауласып шапқыншылыққа ұшырайды. Бірі жеңіліп, босай бастағанда, Бек ата деген қария таудың қара үңгірінде паналап қалып қояды. Ол назаланып, «Ел-жұртымды атамекеніне қайтара көр!» деп Аллаға жалынады. Тілегі қабыл болып, ауылы жауын жеңіп, тұрағына қайта оралады. Сонан осы ел «Бұл жерде аруақты Бек атамыз қалған» деп тау Бектау ата атанып кетіпті» деген аңыз да бар.

Таудың атауын еліне жерұйықты іздеген абыз - Асан Қайғымен байланыстыратын аңыз ерекше. Жалпы қазақ топонимикалық аңыздарында бірқатар жердің атауын Асан атамыз қойған екен делінеді. «Арқадағы бір таудың маңына желмаясын шөгеріп, сол жерге қонып шыққан Асан қайғы таң алаулап атып келе жатқанда шырт ұйқыдан оянады. Көзін ашып жан-жағына қараса, жұмбақ екі бәйтерек өсіп тұр екен. Сол екі жұмбақ бәйтерек өсіп тұрған тауды «Бектау ата» деп атапты. Өлгі таудан шығып, түс ауа келесі бір тау шетіне келіп түседі. Асан Қайғы тау төбесіне шығып, жан-жағына қараса, айналаның бәрін бір әулие қолмен алып келгендей болып, анық көрінген екен. Бұл тау Асан Қайғыға әулие сияқты елес қалдырады. Сондықтан бұл тауды «Әулие шоқы» деп атаған екен» /17/.



Бектау ата үңгірі

«Атқан оғы жерге түспейтін, көздегені мүлт кетпейтін дала кезген бір аңшы өтіпті. Оның кезбе атану себебі, сыры былайғы жұртқа беймәлім екен. Әйтеуір елден жырақтап, тау-тасты паналап, аң-құстың етін азық етіп күн көрген. Аңшыға Қызыларайдың кез-келген жыра жықпылы, тау-тасы, өрген аңы, ұшқан құсы алақанындағы жазудай әбден таныс болыпты. Күндердің күнінде жолы түсіп, мекені болған тау қуысындағы үңгірдің біріне түнейді. Мылтығын жастанып, бешпентін жамылып, қатты ұйқыға бас қойса керек. Түсіне көптен көріспеген ел-жұрты кіріп, елегізіп ояна беріпті. Аңшы еркін даланың ерке елігін, бейкүнә жануарларын жөн-жосықсыз қырып, тамағын тауып келген аңшылық кәсібін Алланың бұйрығы деп қабылдайды екен. Табиғат

аясында еш қамсыз-мұңсыз тірлігіне еті үйреніп, келе-келе жүрегінен мейірім аты өше бастаған соң ол тағы тірлікті әбден мойындап кеткен-ді. Таң қылаң бере жанын жегідей жеген туған елге деген сағынышын оятқан үңгірден кетіп бара жатады. Кенеттен тау биігіндегі қарауытқан әлденеге көзі түсіп, қырағы көзі киіктің сұлбасын қапысыз таниды. Көзі қарауыта жіті аңдып, мылтығын сайлай бастайды. Кәнігі қол мүлт кетсін бе, тау жаңғырып мылтық даусы тиыштықты бұза, алыс-алыс белдерге кетіп жатты. Артынша оққа ұшқан киіктің қып-қызыл қаны жаңа атып келе жатқан күннің бетін жапқандай, тас үстімен сорғалап мөлт-мөлт тамып жатты. Бойынан әл кете бастаған киік ақырғы күшін жинап, ышқына кері жалт бұрылды. Сол кезде киіктің қос өкпесін тесіп өткен қорғасын оқ қайыра кері серпіліп, зуылдаған бетте өз олжасына масаттанып тұрған аңшының жүрегінен тесіп өткен екен. Киіктің де, аңшының да көздерінде таудың үшкірлене біткен шыңдарының суреті көл бетіндегі ай нұры секілденіп дірілдей тұнып қалыпты деседі. Аңшыны ұрған киіктің киесі дейді аңыз. Содан бері тау киелі саналып «Әулиетау» аталып кетіпті» деп келетін аңыздардан желісі жоғарыдағы аңыздан өзгеше болғанымен, мұнда да осы өңірдің киелі де қастерлі мекен екендігі баса көрсетіледі /4/.

Сонымен қатар таудың бұлай аталу себебін оның өзге таулардан шоқтығы биік болып, өрлік пен биіктіктің, маңғаздықтың кейпін танытуымен байланыстыратын, тау атауының түп-төркінін оның ерекше тұрпатынан іздейтін пікірлер де бар.

Қасиетті мекенді көзімен бір көріп, жұпар ауасымен тыныстаған, бал татыған тас бұлағынан мейірімін қандыра су ішкен адамға ғана жұмбаққа толы әлемнің құпия сырын сыбырлап ашары ақиқат.



Бектау ата тауы

Таудың күнбатыс жағындағы үңгір туралы да ел арасында түрлі аңыздар айтылады. Оңтүстік-шығыстан солтүстік батысқа қарай созылып жатқан үңгірдің жалпы ұзындығы 45-48 м-дей. Үңгірдің аузы тау етегінен 80 – 100 м биіктікте орналасқан, оған тас қорымы арқылы көтеріледі. Алдында ұзындығы 6-7 м, көлденеңі 4-5 м тегіс ашық алаң бар. Үңгірге кірер қуыстың биіктігі 3 м-дей, ені 1,5 м, одан әрі ені 2-2,5 м-ге дейін кеңиді. Үңгірдің түбін тереңдігі 1,5 м-дей көлшік алып жатыр. Үңгір бірте-бірте жоғарылап, ені 1,5 м-ге дейін тарылады. Жоғары жағы мұржа тәрізді дөңгелек тар тесікке айналып, жер бетіне шығады. Суы мөлдір, өте салқын, түбі лай. Су деңгейі бір қалыпта сақталады.

Адам аяғы баса бермейтін, көзден тасада орналасқан осы үңгірді киелі орын деп есептеп, бала көтере алмаған әйелдер құрбан шалып, осы жерге арнайы түнеген. Бұл наным ел арасында әлі де сақталған.



Едіге шыңы – өзінің көз тартар сұлулығымен ғана емес, Алтын Орданың әмірі, бектердің бегі атанған Ер Едігенің мәңгілік қонысы ретінде де маңызды. Бұл шыңның «Едіге шыңы», «Едіге биігі» атануын жергілікті халық Едіге батырдың осында жерленуімен түсіндіреді.

Халқымыздың топонимикалық аңызында: «Бұл Едігенің қартайып, сырқаты меңдеген кезі екен. Сырқаты меңдеп, көз жұмар шағы жақындағанын сезген ол үлкен ұлын шақырып, қол астындағы елін жинауды бұйырыпты.

Ел тегіс жиналғанда Едіге басын көтеріп:

– Уа, халқым, қалың жұртым! Ажал менің иығымды басты. Ендігі өмірім де санаулы. Өттең, жаумен жағаласып жүріп, қан майданда өлсем, арманым жоқ еді. Жасымандар, жұртым! Менің бұл халімді естіген жау да кешікпес.

Тұлпарым белдеуде тұрсын, сауыт-сайманымды оң жақ керегеге іліңдер, – депті. Арада аз күн өткенде ауылға «Аттан, аттан жау келді!» - деген дауыс естілді. Дауысты естіген Едіге қолына қара сүңгісі мен алдаспанын ала тұлпарына мініп, тауға қарай тұра шабады. Ол кезде батырлар жаудың бағытын, қолын білу үшін ең биік жерге шығып қарауыл қарайды екен. Шапқан бетте таудың ұшар басына жеткенде Едіге атымен қоса мұрттай ұшады. Ел жиылып сүйегін сол жерге жинапты. Міне, содан бері аты жоқ тау «Едіге тауы» деп аталыпты. Денесін таудың басына алып шығады. Бозғыл тасты тау жықпылынан қашап, қуыс жасап Едігені соған қояды. Үстін таспен бекітті. Соңынан жұрт үстіне төбедей етіп тас үйді. Арқаның ең биік тауы – Ұлытаумен ұшар басын таластырғысы келгендей қостар тұрған Едіге жатқан кіші тауды жұрт енді көбіне «Едіге тауы» деп атайтын болды» - деп түсіндіреді.



Алтын шоқы

Алтын шоқы – әлемді қаталдығымен тітіркендірген Әмір Темір белгі қалдырған тау. Алтын орда ханы Тоқтамысқа қарсы жорыққа шыққан Әмір Темірдің нақ осы Ұлытаудағы Алтын шоқының басына үлкен белгі орнатып, жорықтың сәтті аяқталуына Көк Тәңірінен медет сұрауының өзі таудың маңызын арттыра түскендей. Шоқының басындағы осы тасты көру үшін-ақ бұл өлкеге ағылатындардың саны қаншама?! Бір жағы – теңдесі жоқ тарихи ескерткіш, екінші жағы – шебер табиғат тастан қашап шығарған асыл қазына талай ұрпақтың көз қуанышына айналмақшы.

Жұртты баурайтын қасиеті

Есте жоқ ескі заманнан күні бүгінге дейін Әулиетау Ұлытау өлкесінің ерекше қасиетті орындарының бірі болып саналады. Ұлытау ауданында орналасқан 700-ден астам тарихи, археологиялық және архитектуралық ескерткіштердің ішінен Жошы хан, Алаша хан, Домбауыл, Басқамыр қалашығы, Едіге шыңының қатарынан Әулиетау-Ақмешіттің орын алуы тегін емес. Бұл өлкенің тарихи-мәдени ескерткіштерімен қатар, тарихи ландшафы да өте бай. Бұл жерден емдік қасиеті бар сирек кездесетін өсімдіктерді, киік, елік, қасқыр, түлкі, қабан, сілеусін тәрізді жануарларды көруге болады. Жалпы Ұлытау өңірінің бай флорасы мен фаунасын былай қойғанда тастардың өзі алып аңдарды елестетеді. Бірі адамның, бірі алып аңның суретін елестететін тау-тастар мен құз-жартастарға қарап ертегілер әлеміне түскендей күй кешесің. Тылсым әлемге қарап отырып, өмірге деген құштарлығыңыз оянады. Жаратылыстың сырын ұғуға деген ұмтылыс, қоршаған ортаға деген мейірімділік сезімі оянады.



Алып тасбақа



Әулиетаудың басына шыққан адам «дүниенің өзегі» ретінде танылған Сарыарқаның ең биік нүктесіне шығып, тылсым әлемнің құпиясымен танысып, бойына ерекше күш жинайды. Зеңгір көкке бәрінен де жақын Әулиетау шыңы, Аспан мен Жер қауышатын қасиетті орын келушілерді рухтандырып, адам мен табиғат арасындағы нәзік байланысты нығайта түспек. Әулиетаудың адам мен табиғаттың өзара байланысын орнықтыратын құдіреті бүгінгі күнге дейін сақталған /18/.



Адам ата мүсіні

Әулиетауға барған адам қасиетті қорымда жерленген жеті әулиеге тәу етіп, он сегіз мың ғаламды жаратушының құдіретіне бас иіп, жұмбағы әлі толық ашылмаған сырлы әлемнің кең құшағына енгендей күй кешпек. «Әулиетау-Ақмешіт» етегіндегі «Ембұлақ», «Өркештау» етегіндегі «Тасбұлақ» суларының емдік қасиетін сезініп, бойына қуат жинары сөзсіз.

Қасиетті орындары

Ұлытау - сонау қола дәуірінен бастап тағзым ету орнына арналған, сан ғасырлар бойы көк түріктердің ұрпақтары ұлықтап келген табиғи-киелі ландшафттарға аса бай өлке. Бұл тау түркілік танымдағы көк тәңірінің киелі мекеніне Ұмай

ана қол созған, тәңірінің нұрына бөленген жер.

Ұлытаудағы өзендер батыс пен шығысқа, оңтүстікке қарай қалыпты ағыспен ақса, Терісаққан өзені кері қарай, солтүстік бағытында ағып, Есілге құяды. Жергілікті жұрт өзеннің бұлайша ағуының астарында үлкен құпия, терең сыр бар деп есептеген.



Алаша хан кесенесі

Бұл өңірдің қазақ хандығы тарихында атқарған қызметі ерекше. Сол себепті де бүгінгі жастардың елсүйгіштік сезімін қалыптастыруда Ұлытау өлкесі ерекше қастерлі орындардың бірі болмақ. Бұл жерде тарихқа аты белгілі хандарды ақ киізге көтеріп, хан сайлап, олар халқына



Жошы хан кесенесі

адал қызмет етуіне ант беріскен. Жошы ханнан бастау алған хандарды ұлықтау дәстүрі Хан ордасында жүргізілген. Жалпы Жошы империясының астанасы Базар Орда қазіргі Жошы хан мазарының маңында болған деген тарихи дерек бар.

Қаракеңгір өзеніне жақын жерде орналасқан Жошы хан кесенесі, өзенді қиып өткенде алдыңнан мен мұндалайтын Алаша ханның мазары, Қойлыбай бақсының кесенесі, Ұлытау өңірінің мұртты обалары, Ұлытау қорық-мұражайы, тас (палеолит, неолит), қола, темір дәуірлерінің қоныстары, балбал тастар осы бір сұлу да таңғажайып тылсым әлемнің тұңғышына тарта түседі.

Бағыт-бағдары

Әулиетау (Ақмешіт), Едіге тауы, Алтын Шоқы – Қарағанды облысының Ұлытау ауданында орналасқан. Астанадан Ұлытау селосына дейін тікелей - 419,5 шақырым. Ұлытау ауданы орталығына жетудің бірнеше жолы бар. Астанадан Жезқазған қаласына дейін пойыз немесе автобус арқылы жетіп алып, Жезқазғаннан Ұлытауға дейін автобуспен не автокөлікпен баруға болады. Сондай-ақ Алматы қаласынан Жезқазғанға не Қарағандыға дейін пойызбен, ал Жезқазғаннан Ұлытауға дейін автобуспен не автокөлікпен жетуге болады. Астана және Алматы қалаларынан Қарағандыға дейін әуежолын пайдалануға да болады.

Бектау ата тауы және үңгірі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы аумағында, Балқаш қаласының солтүстігінен 60 км жерде, ұсақ шоқылы-белесті жазықта орналасқан. Бұл жерге бару үшін алдымен Қарағанды не Балқаш қалаларынан жету керек. Ақтоғай ауданынан немесе Балқаш қаласынан автобусты немесе автокөлікті пайдаланып Бектау ата тауы және үңгіріне жетуге болады.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ КАРТАСЫ



МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Шежірелі өлке

Маңғыстау облысы – Қазақстан Республикасының оңтүстік-батыс бөлігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлік. 1973 ж. құрылған. 1988–90 ж. Атырау облысы құрамында, 1990 жылдан жеке облыс. Солтүстігінде Каспий теңізі және құрлық арқылы Атырау облысымен, шығысында Ақтөбе облысымен, оңтүстігінде Қарақалпақстан, Түркіменстанмен, батысында Каспий теңізі арқылы Әзербайжан Республикасымен шектеседі. Облыстың жер қойнауы кенге бай. Мұнай мен газдың 59 кен орны (Өзен, Жетібай, Қаламқас, Қаражамбас, Солтүстік Бозащы, Теңге, Тасболат, т.б.) бар. Жер қойнауынан темір кені, қоңыр көмір, әктас, ұлутас, мергель, т.б. барланған. Жер асты су қоры мол. Жүздеген құдықтар мен ұңғымалар бар. Каспий су айдыны кәсіптік балыққа бай. ХІХ ғасырдың 50-жылдарынан бастап балық, маусымдық итбалық аулау кәсіпшілігі дамыды. Балық аулауды жолға қою үшін Каспий теңізінің жағалауында 10-нан астам елді мекендер салынды, кен орындарынан тұз өндіріле бастады. Өнеркәсіптің дамуы 1965 ж. Өзен мұнай-газ кен орнын игеруден басталды. Осы жылы Өзен мұнайы алғаш рет Атырау мұнай өңдеу зауытына жіберілді. Бұдан кейінгі кезеңде облыста Теңге және Бектұрлы, Оңтүстік Жетібай газ конденсаты, Қарамандыбас, Жетібай, Асар, Қаражамбас, Қаламқас, Оймаша, Бұрмаша, Алатөбе, Солтүстік Қарақия, Придорожное, Атамбай, Айрантақыр, Ащыағар мұнай кен орындары мен тұңғыш газ өңдеу зауыты, Ақтау айлағының мұнай тасымалдауды жүзеге асыратын терминалы іске қосылды, 38 әр түрлі басқармалары, зауыты мен кәсіпшіліктері бар «Маңғыстаумұнайгаз» бірлестігі

құрылды. Қазіргі кезде 2 электр жүйесі, атом энергетикалық комбинаты, Каспий орта машина жасау, мұнай-газ өндіру кәсіпшіліктері, пластмасса зауыты, еншілес мемлекеттік және өндірістік кәсіпорындар, ұлутас және басқа құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындар, Қазақ балық флотының кәсіпорындары, тігін фабрикасы мен сүт зауыты жұмыс істейді. Облыстың киелі орындары – «Отпан тау» тарихи-мәдени кешені, Маңғыстау жеріндегі қорымдар мен жерасты мешіттері, Қызылқала қалашығы, Т.Г.Шевченконың мемориалды кешені, Барақ батыр кесенесі /3/.

Бұған қоса жергілікті маңызы бар қасиетті орындардың тізіміне Шерқала тауы, Бозжыра тауы, Айрақты тауындағы петроглифтер, Саура сайы, Самал сайы, Тамшалы сайы, Ұлыкіндікті кешені, Ман ата кесенесі, Махтум баба мешіті, Есен ата жерленген жер, Темір баба кесенесі, Күйеу там кесенесі, Кенті баба кесенесі, Оғыланды ата жерленген жер, Қошқар атадағы қошқар мүсіні, Есмамбет әулие жерленген жер, Хатам ишан кесенесі, Бекбаулы ата мазары, Тобықты жеріндегі Бекет ата жерасты мешіті, Мыңкісі ата кешені, Көркембай ахун мешіті, Қыдырша атаның жерленген жері, Қыз әулие мазары, Батыр Атақозы жерленген жері, Батыр Бердалы жерленген жер, Құлбарақ батыр кесенесі, Мұрын жырау кешені, Ержан хазірет жерленген жер кіреді /2/.



Отпан тау – Маңғыстаудағы Батыс Қаратаудың ең биік нүктесі. Оның биіктігі – 532 м. Тау бөктерінде емдік өсімдіктердің 15-ке жуық түрі өседі. Олардың арасында көптеген сырқаттың емі болып табылатын қара қоңыр мумияны да кездестіруге болады. Жануарлар әлемінен арқар, түлкі, қасқыр, тау бүркіті, сұңқар, ителгі, қаршыға, күйкентай, киелі қыран мекен еткен өңір тек табиғи байлығымен ғана емес, тарихи оқиғаларымен де құнды орындардың біріне айналған.

Оқиға желісінің тартымдылығымен және көркемдігімен, тарихи деректерінің нақтылығымен ерекшеленетін «Досан батыр» тарихи жырында суреттелетін оқиғалар осы Отпан таудың бөктерінде өткен болатын. Қанды оқиғаның белгісіндей болып жатқан көне қорымдар сұрапыл жылдардың елесін көз алдыға әкеледі.

72 Бұл өңірдің рухани мақтанышы ретінде «Адай Ата-Отпан тау» тарихи-мәдени кешенін атап өтуге болады. Кешен Ақсарай тарихи мұражайынан, Орталық зал, Маңғыстау және жеті жұрт, Маңғыстау және маңғыстаулықтар, Қол өнер, Өлке жеріндегі ислам көрме залынан тұрады. «Ана келбет» ескерткіші бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербететін аналардың қандай болу керек екендігін меңзесе Ақсарай мен Адай Ата кесенесін жалғастырып тұрған 362 баспалдақ Киелі Маңғыстауда мекен еткен 362 әулиенің рухына арналған. Осы баспалдақпен жүріп өткен жанға Маңғыстау қойнауын мәңгілік тұрағына айналдырған 362 әулиенің рухы шапағатын сыйлайды деген наным бар.

Кешенді аралаған адам Маңғыстау тарихын, ол жердің археологиялық сараптамасын, аңыз-әңгімелермен айқындалған артефактерін тамашалап, тас дәуірінен осы күнге дейін мекендеген халықтар мен тайпалардың тарихы, мәдениеті бойынша жинақталған жүйелі мәліметтерге

қанығып қана қоймай, Маңғыстау зиялыларының игі істерімен танысады /19/.


Жұртты баурайтын қасиеті

Маңғыстау өлкесін сөз еткенде, әрине кез келген адамның көз алдына Еуропа мен Азия аралығында орналасқан жер шарындағы ең үлкен тұйық көл – қарт Каспий елестейді. Үлкендігіне қарап, оны теңіз деп атайды. Каспийде өсімдіктердің 500 түрі, балық пен жануарлардың 769 түрі мекендейді. Теңізді мекендейтін 55 түрлі балықтың ішіндегі ең бағалыларына бекіре тұқымдастары жатады. Сондай-ақ итбалық та көп кездеседі. Каспий жағалауында қазіргі кезде құстардың 260 түрін кездестіруге болады.



Каспий теңізі

Маңғыстау өлкесінің керемет мақтанышы – теңізінен басқа да көз тартар құндылықтары аз емес. Аңызға бөленген Шерқала тауы, «Азу тістер» деген атаққа ие болған құздары бар Бозжыра шатқалы, зерттеушілер «Дала симфониясы» деп атаған Айрақты тауындағы петроглифтер, тылсым дүниеге толы Саура, Самал, Тамшалы сайлары



Бекет ата мазары

өлкенің ғана емес, еліміздің мақтанышына айналып отыр.

Табиғаттың мұндай тамаша байлығынан бөлек, Маңғыстау өлкесі Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев айтқандай, «аспан астындағы мұражай» десек қателеспейміз. Сонымен қатар Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет деген на-

нымды ұстанған халқымыз бұл өлкені ерекше қасиетті мекен санап, тәу етушілердің қатары толас таппай келеді /20/.



Қасиетті орындары

Ерте темір дәуіріндегі көшпелілердің діни рәсімдерінен мол мағлұмат беретін Түбежік ескерткіштері адамды есте



«Түбежік» ерте дәуір ескерткіші

жоқ ескі замандарға жетелейді. Табылған артефактілер бағзы заман көшпелілерінің Күн тәңіріне, отқа, ата-бабаларының рухына, Жер-Анаға, табиғи күштерге сыйынғанын, оларға құрбандық шалып, садақаларын беретін киелі орындардың

болғандығын дәлелдейді. Маңғыстау түбегінен табылған жерасты мешіттері, күмбезтамдар бүгінде адам аяғы толас таппайтын қасиетті орындарға айналып отыр.

Осы киелі жерлерге тәу етіп барған адамдардың көпшілігі жан жарасының жазылып, бойларының жеңілдеп қалатындығын сөз етеді. Мұның өзі табиғат пен адамның егіз екендігін, табиғат аясында ғана адам өзінің адами болмысын терең ұғына түсетіндігін тағы бір мәрте аңғартады.



«Сұлтан еле» жерасты мешіті



Шақпақ ата мешіті

76 Кендірлі-Қиясай Үстіртінің батысында орналасқан Адам-тас мүйісі туралы ел арасында мынадай қызғылықты аңыз бар: «Үлкен жаугершіліктің уағында елін жау шапқанда қырық шақты сарбаз көп жаумен соғысып, жаудың көптеген жауынгерлерін өлтіріп, соққыға жығады. Бейбіт ауылды шапқыншылықтардан аман алып қалу үшін түйеге жүктерін артып көшіріп, өздері жаудың алдын тосқауылдап, соғыс жүргізеді. Соғыста жаудың қолынан шығынға ұшырап, ақыры жаудың қысымына шыдай алмай қашады. Жау жер қайысқан қолмен қуып, бәрібір жететін болған соң, жаңағы қырық батыр Құдайдан былай деп тілек тілейді: «Е, Алла, бізді жау қолына түсіріп қорлағанша, денемізді тасқа айналдырып, өзімізге жәнаттан орын бер». Алла олардың тілегін беріп, денелерін тасқа айналдырып, қалың жаудың қорлығынан құтқарыпты». Жалпы мұндай сарындағы аңыздар жер-жерде жиі кездеседі. Мұның өзі ата-бабамыздың ел-жұртының тыныштығы үшін өз жанын

құрбандыққа шалғанын және жауға пенде болғаннан, ажалды артық көрген қайсарлығын аңғарамыз.

Бағыт-бағдары

Отпан тау тарихи-мәдени кешені – Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданының аумағында орналасқан. Бұл кешенге жету үшін Астанадан, Алматыдан немесе Қазақстанның кез келген түкпірінен ұшақ немесе темір жолын пайдалана отырып Ақтау қаласына жетуіңіз керек. Ақтау қаласынан 100 шақырым қашықтағы кешенге арнаулы автокөлікпен немесе жалдамалы жеңіл көліктермен баруға болады.



ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ КАРТАСЫ



78

52

50


ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Шежірелі өлке

Павлодар облысы – Қазақстан Республикасының солтүстік шығысындағы әкімшілік-аумақтық бөлік. Ертіс өзенінің орталық алабында орналасқан. 1938 жылдың 15 қаңтарында құрылған. Облыста 10 аудан, 3 қала, 7 кент, 165 ауылдық округ, 494 ауылдық елді мекен бар. Облыс солтүстікте – Ресей Федерациясының Омбы, солтүстік-шығыста – Новосібір облыстарымен, шығыста – Алтай өлкесімен, оңтүстікте – Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарымен, батыста – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарымен шектесіп жатыр. Облыстың негізгі байлығы – Екібастұз және Майкөбен көмір алаптарынан тұрады. Полиметалл кендері Майқайың кендері тобында тараған. Баянауыл ауданында Бозшакөл мыс кен орны орналасқан. Сонымен қатар облыс аумағында темірдің, никельдің, хромиттің, т.б. металдардың кендері шоғырланған. Темірдің ірі кен орны Шідерті өзенінің төменгі ағысындағы Қызылқақ көлі маңында. Ертіс өзенінің облыс бөлігіндегі ұзындығы – 420 км. Облыста 1210 көл бар. Баянаула тауларында көлдер тектоникалық ойыстарда (Жасыбай, Торайғыр, Сабындыкөл) орналасқан. Ірі көлдері Сілетітеңіз, Жалаулы, Қызылқақ, Үлкен Әжболат, Маралды. Облыстың киелі орындары – Баянауыл тауындағы «Қоңыр әулие» үңгірі, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Жасыбай батыр кесенелері, Ақкөл–Жайылма қалашығы, Исабек хазірет кесенесі /3/.

Бұған қоса жергілікті маңызы бар қасиетті орындардың тізіміне Қалмаққырған тауы, Құлтан әулие үңгірі, Жалаулы көлі, Малыбай көлі, Торайғыр сақ қорғандары, Драверт

үңгіріндегі петроглифтер, Сабындыкөл жағасындағы қола дәуірінің жерлеу кешені, Өлеңті петроглифтері, Әуликөл археологиялық кешені, Ақбидайық петроглифтері, Әулиебұлақ, Таймас әулие кесенесі, Ғабдыл - Уахит хазірет кесенесі, Нұрғали хазіреттің жерленген жері, Ақбалық хазірет жерленген жер, Үкібай би кесенесі, Қараман абыз жерленген жер, Әулиебұлақ (Ақбура әулиелерінің мекені), Абылай, Найза мекені, Кемпіртас археологиялық ескерткіші, Қалабалғасын мұнарасы, Түгел батырдың жерленген жері, Жазы батырдың жерленген жері, Сырымбет батырдың жерленген жері. Қазанғап бидің жерленген жері, Далба тауындағы Қаздауысты Қазыбек бидің «Сәретасы», Мұса Шорманұлының жерленген жері, Сұлтанмахмұт Торайғыров кесенесі, Жаяу Мұса жерленген жер, Ақын Жарылғапберді Жұмабайұлының жерленген жері, Естай ақын кесенесі, Кентанушы Қосым Пішенбаев жерленген жер, Үміт апаның жерленген жері, Ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш, Саяси репрессияға ұшырағандарға арналған мемориал, Мәңгілік алау мен Даңқ ескерткіші кіреді /2/.



Қоңыр әулие үңгірі – Баянауыл тауының батыс жағындағы Аққарағай тауының күнбатыс етегінде орналасқан қасиетті үңгір. Жергілікті тұрғындар “Әулиетас” немесе “Қоңырәулие” атандырған киелі мекен еліміздегі шипалы табиғи орындардың біріне жатады. Абай ауданына қарасты Ақтас тауында орналасқан Қоңыр әулие үңгірі сияқты бұл үңгірді де халық аңызы Нұх пайғамбармен байланыстырады. Бір мезет аңызға кезек берсек: «Қоңыр әулие» үңгірі жердің, жануарлар мен құстар әлемін қорғаушысы Нұх Пайғамбар заманынан бар екен. Бүкіләлемдік су тасқыны кезінде үш көріпкел Нұх Пайғамбардың кемесіне қалып қойыпты-мыс, бірақ кемеде орын болмапты, сонда үш бақанды жалғап байлап, бақанға отырып, ол пайғамбардың кемесіне байланыпты. Бүкіләлемдік ағыспен олар солтүстіктен оңтүстікке беттейді. Алғашқы болып үлкен әулие Құланның бөренесі тасқа соғылып, жұлынып кетеді. Бұл Қызыл Тау маңында болған. Екінші болып тасқа ортаншы бала әулие Қыранның бөренесі ең биік тау Ақбетке соғылады. Су қайта бастап, таулар мен шоқылар ашыла бастағанда, кенже әулие Қоңырдың бөренесі үңгірге жақындағаннан кейін, ол осы жерде қоныстанады. Сол себепті үңгір қажылықтың киелі жері саналған. Осындай табынудың себебі болған үңгір түкпіріндегі қазан, осы қазан түбіне үнемі су жиналады. Осы суда барлық ауруларды жазу қасиеті бар, тіпті, бедеуліктен де. Қай уақытта болмасын үңгір жанына баланы дүниеге әкелу мақсатымен әйелдер қонған және осы армандары шынымен де орындалған» делінеді /21/.

Енді үңгірдің сипатына көшейік. Үңгір тектоникалық жік түсуден, гранит тасына табиғи сыртқы күштердің (жел, күннің қызуы, су шаю, т.б.) әсер етуінен пайда болған. Ендік бағытта созылған үңгірдің ұзындығы – 30 м, ені – 2,5 м,

биіктігі – 1,8-2,0 м, кіреберісі кеңдеу де, түбіне қарай біртіндеп тарылып, тастағы жарықшақтардан енген судан түзілген көлшікпен бітеді. Үңгірдің табаны тегіс, бүйірі қуыс-қуыс және тепкішекті. Үңгір ішіндегі көлдің ұзындығы 25 метр, ені 10, тереңдігі 1,8 метр дегенмен, оның көлемі жерасты суының деңгейіне байланысты өзгеріп отырады. Суы тұщы әрі көптеген ауруларға ем /22/.


Жұртты баурайтын қасиеті

Қоңыр әулие үңгірі туралы ел әңгімесінде бұл жерге Абылай, Есім, Тәуке секілді хандардың ат басын бұрғандығы туралы айтылады /22/. Жалпы ұзындығы 30 метрді құрап, қуыс-қуысқа созылып, бірнеше бөліктен тұратын үңгірге көтерілер жол өзінің сұлулығымен көз тартса, үңгірдің ішіндегі қоңырсалқын ауа бойынды сергітіп, жағымды хош иіс пен жанға жайлы мүлгіген тыныштық ерекше күйге бөлейді. Көлдің суын ішіп, бірнеше рет сүңгіп, риясыз көңілден ұрпақ тілеген әйелдің бойына бала бітіп, шарана сүйгендігі туралы келтірілген мысалдар ел-жұрттың осы қасиетті мекенді көрсем деген құлшынысын арттыра түспек.

Бұл киелі мекеннің зиярат ету орнына айналу мерзімі туралы бірқатар деректер бар. Соның бірінде неолит пен қола кезеңдеріндегі ежелгі тайпалардан бастау алған деген болжам айтылса, зерттеуші Н.Коншин Әулиетасқа зиярат ету дәстүрі қазақтарға XVIII ғасырға дейін Баянауыл тауларында өмір сүрген қалмақтардан қалуы мүмкін деген болжамды жасайды. Үңгір туралы деректер зерттеуші П.И.Рычковтың «Орынбор топографиясы» атты жұмысында кездеседі. Ол Баянауыл тауларын сипаттай отырып, нысан туралы: «...осы тауларда көлі бар үңгір туралы айтылады. Ал көлде ерекше түрге жататын кішкентай құстар бар. Сонымен қатар бұл

жерде киелі деп саналатын мұсылмандардың табыты бар. Мұнда қазақтар сенім білдіріп келіп суға түседі, сол арқылы түрлі ауру-сырқаудан айығатынына сенеді» деп мәлімдеген. XX ғасырдың басында, И.Я.Коншин, А.Н.Сидельников, Т.П.Белоногов және П.Н.Столпянский сияқты ғалымдардың жұмыстарында осы үңгірдегі атқарылған діни жоралғылар жан-жақты сипатталған. Көріп отырғанымыздай, сонау замандарда адамдардың тәу ететін киелі мекеніне айналған үңгірге деген қызығушылық замана көшімен бірге жылжып, бүгінгі күнге дейін келіп отыр /23/.

Табиғаттың таңғажайып туындысы болып табылатын Қоңыр әулие үңгіріне Шоқан Уәлиханов, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан сияқты көрнекті ғалымдардың қызығушылық танытуы тегін болмаса керек /24/. Жергілікті жұрттың бұл үңгірді киелі, шарапатты орындардың қатарына қосуы ғылыми тұрғыдан толық дәлелденбесе де, ерекше қуатқа ие, адам ағзасына пайдалы әсер тигізетін энергетикалық өрісімен, шөлінді ғана емес, дертінді де басатын құнарлы суымен байланысты екендігі ақиқат /25/.



Қасиетті орындары

Қойнауы шежіре мен жұмбаққа толы Баянауыл тауы көркем табиғатымен сан ғасырлар бойы адамзатты таңғалдырып келеді. Бұл мекен бай табиғи қазынасымен, көз тартар көгілдір тауларымен еліміздегі көрікті өңірлердің біріне айналып отыр. Баянауыл тауы туралы топонимикалық аңыздың бізге жеткен бірнеше нұсқалары бар. Соның бірінде: Сонау ерте заманда адамзаттың аз кезінде құрлықтың саз кезінде, осы төңіректі екі қауым ел мекен етіпті. Күндердің күнінде олар әрі құнарлы, әрі шұрайлы жерді көріп, «мен алам да мен алам» десіп таласқа түседі. Оқиғаның арты дауға айналып, екі ел жауласа бастайды. Халқымыз «Бірлік түбі – тірлік» деп тегін айтпаған ғой. Сол елдің бірінде жан сұлулығы мен тән сұлулығы жарасқан көптің құрметіне бөленген ақ жаулықты Ана өмір сүріпті. Ақылдылығын, даналығын сыйлаған ел жұрты оны Бай Ана деп атапты. Екі ауылдың игі жақсылары бас қосқан кезде Бай Ана келіп ұсыныс жасаған екен дейді: – Бірлік бітімнен туындайды, дау мәмілеге келмесе дамайға ұласады, жаяу жарыс жасаңдар, балуан күрес қылыңдар, жамбы тігіп атыңдар. Жер жеңгендікі!

Екі жақ осыған бәтуаласып, айтқанын орындаса да тең түсе беріпті. Жаяу жарыс, балуан күрес, жамбы атудан бірін-бірі жеңе алмапты. Көп күндер өтеді. Көпшілік қалжырап, шаршайды. Тағы да кеңес қылады. Ақыры Бай Ананың алдына келіп: – Уа, Бай Ана! Егіз жатқан екі ел едік. Жер дауының жетер шетін таппадық. Біздің байлам мынау. Осы жерді өзің қоныстан. Бұл сенің – Бай Ананың ауылы болсын, – депті. Сөйтіп Бай Ана осы өлкеге орналасыпты. Содан бері көпшілік бұл жерді Бай Ана ауылы - «Баянауыл» деп атап кетіпті /4/.



Ал екінші аңызда: Бұрынғы өткен заманда байлығы мен аты әлемге жайылған Қарабай деген бай болыпты. Оның ай десе аузы, күн десе көзі бар Баян деген сұлу қызы болған екен. Әсемдігі, көріктілігі алты алашқа толық тараған Баянды айттырып алғысы келетіндердің саны күн санап көбейе түскен екен. Бірақ Баян күйеу болғысы келген жігіттерді менсінбей қайтара беріпті. Абыр-сабырдан мазасы кеткен Қарабай осындай істі өткізудің басқаша жолын қарастырады. Сөйтіп, өзінің Аякөзден Түменге дейінгі аралықты алып жатқан жайлауының орта тұсы деп тамаша жер жаннаты тәрізді өлкеге Баянның ауылын қоныстандырады. Сөйтіп, ендігі келушілер осы ауылға келіп ат басын тірейтін болған. Күнде ойын-сауық, қызық-думан өткізіліп тұрыпты. Баянды көргісі келген бозбалалар жан-жақтан ағылыпты. Сөйтіп, бұл ауыл «Баянауыл» аталыпты, - деп, өлкенің атын халыққа кең таралған жыр-дастанның кейіпкерімен байланыстырады /4/.

Қалай десек те, Баянауыл таулары алыстан мен мұңдалап, аңыз бен ақиқаттың аулына қол бұлғап шақыратыны анық.

Keң байтақ жеріміздің қай түкпірінде болмасын қасиеті мен шарапаты мол жерлер көптеп кездеседі. Табиғаты тамаша, суы шипа әулиебұлақтың бірі Баянауыл ауданы Торайғыр ауылының тұсынан ағып жатыр. Сарқырап аққан бұлақ суының шипасын ертеден таныған ата-бабамыз оны Әулиебұлақ атандырады. Ел ішінде айықпас дертке шалдығып, өмірден баз кешкен талай жан осы бастаудың



«Ақкөл-Жайылма» кешені

суынан ішіп айығыпты – мыс деседі. Әулиебұлақтың әсіресе тері ауруларына ем болатындығына деген сенім мол.

Екібастұз ауылдық аймағына қарасты Ақкөл-Жайылма атырабы осы

өңірдің киелі мекендерінің қатарында. Ұлы ойшыл ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұстазы Исабек ишан мен заманымыздың соңғы әулиесі атанған Жандарбек қожаның, басқа да діндар тұлғалардың зираты жатқан бұл мекенге арнайы барып, ұлылар-



«Қараоба» ескерткіштері

дың аруағына дұға бағыштаушылардың қатары артып келеді /24/.


Жалпы Ақкөл-Жайылма өңірінің қазақ тарихында алатын орны ерекше. Әсіресе, ноғайлы заманына жататын Қара оба зиратының тарихи және этнографиялық маңызы зор. Ақкөл-Жайылма Алтын Орда заманында Шайбан тұқымының ұлыс құрған саяси және культтік орталығы деген тұжырым да бар екендігін айта кеткен жөн. Ақкөлдің оңтүстік жағасында орналасқан Асан Қайғы тасы, Түйте әулие ескерткіштері, көлдің шығысындағы Әулие ағаш, Шідерті өзені бойындағы Күреңбай бейіті, т.б. ескерткіштер келушілерге рухани азық сыйлары сөзсіз.

Бағыт-бағдары

Баянауыл тауындағы Қоңыр Әулие үңгірі Павлодар облысы Баянауыл ауданында орналасқан. Бұл үңгір Баянауыл ауылының батысына қарай 12 шақырымдық жерде, ал Жасыбай көлінен 4,5 шақырым қашықтықтағы Баянауыл тауларының биік шыңының жоғары жағында орналасқан. Үңгірге жету үшін Павлодар қаласынан Баянауыл кентіне автобуспен немесе жалдамалы көлік арқылы арқылы жетуге болады. Баянауылдан Қоңыр Әулие үңгіріне жергілікті жердің көлік жүргізушілері ақылы түрде алып барып, үңгірді көрсетеді.



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ КАРТАСЫ



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Шежірелі өлке

Түркістан облысы – еліміздің оңтүстігінде орналасқан киелі мекен. Әкімшілік-аумақтық бөлік ретінде 1932 жылы 10 наурызда құрылған. 1962 – 1992 жылдар аралығында Шымкент облысы, ал 1992 – 2018 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы деп аталды. Облыс орталығының ғасырлар бойы Қазақ хандығының және бүкіл түркі әлемінің саяси әрі рухани орталығы болған Түркістан қаласына көшірілуі Түркістан қаласының түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде кең құлашпен дамуына септігін тигізбек. Солтүстігінде Қарағанды, шығысында Жамбыл, батысында Қызылорда облыстарымен, оңтүстігінде Өзбекстан Республикасымен шектескен Түркістан қаласы ел арасында екінші Мекке атанған. Облыс құрамында 11 әкімшілік аудан, 4 қалалық әкімдік, 7 қала (Шымкенттен басқа), 13 кент, 171 ауылдық округ, 932 ауыл бар /26/.

Облыстың киелі орындары – «Әзірет сұлтан» тарихи-мәдени кешені (Қожа Ахмет Яссауи кесенесі), Отырар, Сайрам (Исфиджаб), Созақ, Сауран, Күлтөбе (Ясы) қалашықтары, Бәйдібек би, Домалақ ана, Баба түкті Шашты Өзіз, Қарабура әулие, Ибраһим ата, Қарашаш ана, Арыстан баб, Гауһар ана, Есім хан, Хақназар хан кесенелері, Ордабасы тауындағы «Бірлік» монументі, Ысмайыл ата сәулет кешені, Үкаш ата мазары, Аппақ ишан мешіті, Жылаған ата үңгірі және бастауы, Ақмешіт үңгірі, Қазығұрт тауы кешені, «Таңбалы тас» ескерткіші /3/.

Бұған қоса жергілікті маңызы бар қасиетті орындардың тізіміне Қаншайым аралы, Хантағы жартасы, Қырық қыз,

«Көзді ата» әулие бұлағы, Тамшы әулие, Дастарбасы кешені (Дастарбасы петроглифтері, Дастарбасы үңгірлері), Боралдай петроглифтері, Қаратау петроглифтері, Қасқабұлақ петроглифтері, Орда қонған тарихи орны (Атбұлақ), Оқсыз қалашығы, Жуантөбе қалашығы, Ханқорған қалашығы, Мәртөбе қалашығы, Шымкент қалашығы, Қосым ишан кесенесі, Шамет ишан сәулет кешені, Ишан-базар (Ақмешіт) мешіті, Ысқақ баб (Баба ата) кесенесі, Ақсүмбе мұнарасы, Ноғай-ишан мешіті, «Жәми» Шыңғысбай қажы мешіті, Ұзын ата кесенесі, Мариям ана кесенесі, Әбдел Өзіз баб кесенесі, Қызыр мұнарасы, Мірәлі баб кесенесі, Қыз әулие, Қазы Байзауи кесенесі, Темірші ата әулие, Жекен Шайық әулие жерленген жері, Мұңлық - Зарлық әулие кесенесі, Көктан ата бұлағы және Есенаман қалпе кесенесі, Кәлен баб әулие жерленген жер, Жуас баб әулие кесенесі, Ердәуіт және Шаймерден әулиелер кешені, Сөк-сөк әулие мазары, Ақтас әулие бұлағы, Қотырбұлақ әулие бұлағы, Көз ата әулие кесенесі, Қошқар ата кесенесі мен бұлағы, Иса ата (Ыстық ата) әулие кесенесі, Саңғыл би кесенесі, Қазаншы ата кесенесі, Бекасыл әулие кесенесі, Түркібасы әулие кесенесі, Нұр ата әулие кесенесі, Қажымұқан Мұңайтпасов кесенесі, Мыңшейіт тарихи орны, Қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған «Қасірет» мемориалдық кешені кіреді /2/.



Қазығұрт тауы

Қазығұрт тауы – Шымкент қаласынан оңтүстікке қарай 35 км-дей қашықтықта орналасқан, қиял-ғажайып аңыздарға толы қасиетті мекен. Сол аңыздар адамзат пен дүниенің жаратылысы туралы мәңгілік сұрақтың жауабын меңзейді.

Жер жүзін топан судың басына байланысты аңыздың сан түрлі нұсқасы бар. Соның ішінде бізге белгілісі: Нұх пайғамбар апат басталған кезде кемесіне мініп жеті ай, жеті күн, жеті сағат жүріп Қазығұрт тауының басына келіп тоқтайды. Пайғамбар кемесіне балалары мен жақын туыстарын және түрлі аң-құстарды отырғызған. Кеме таудың басына келіп аялдаған кезде адамдар тіршілік белгісі бар ма, жоқ па білу үшін ең бірінші құстарды жіберген екен. Сол сәтте босатылған құстардың барлығы ұшып кетіп, қайта оралмапты. Тек қарлығаш қана бұтақтың жасыл жапырағын тістеген күйі ұшып келген екен. Міне осы кезеңнен бастап, қарлығаш қазақ халқы үшін адалдық пен молшылықтың, бірлік-берекенің символы болып қалған. Сондықтан да

халқымыз қарлығаштың ұясын бұзбайды және бұл құс ұя салған жерге бақ қонады деп білген. Міне осылайша, Қазығұрт тауында адамдар жаңа өмір бастап, ұрпақ таратқан. Аңыз бойынша кемеге мінген халықтың ішінен тек Нұх пайғамбардың үш ұлы мен үш келіні ғана аман қалған екен. Бүгінгі адамзат солардан таралады. Бар әлемді топан су басқаннан кейінгі өмірдің бесігіне айналған тауға әділдікті ту еткен қасқырдың есімі берілген деседі. Ежелгі аңыз бойынша топан судан кейін аштық кезеңі болады. Міне осы тұста «тірі жандыны өлтіруге болмайды» деген тиымға қарамастан қасқырдың ұрғашысы жыртқыштығына басады. Бұған ашуланған қасқырдың еркегі оны жазалайды. Бұл оқиғадан кейін тау тұрғындары оны «әділ қасқыр», яғни «Қазығұрт» деп атап кеткен екен /4/.

Қазығұрт тауының қасиетін ерекшелей түсетін келесі аңыз былайша өрбиді. «Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрттың басына тоқтағанын есіткен Қазығұрттан биік тұратын өзге таулар қызғаныштық жасап, жойып жіберу үшін жер бетіндегі су тартыла бастаған кезде ұрысқа шығады. Өзіне төніп келе жатқан қатерді сезген Қазығұрт тауы өзінен төмен орналасқан Бағаналы тауына «Сен анау Ордабасы басшылық ететін ағайындарға хабар бер» деп бұйырған екен. «Мені құртып жіберу үшін келе жатқан жауға қол ұшын беріңдер» деген екен. Қазығұрт тауы:

Ордабасы ұлыма айт,

Қызылсеңгір қызыма айт,

Әлімтау мен Қойлыққа айт,

Ешкі менен Зарлыққа айт,

Бағаналы, Маңсарға айт,

Қайтарыңда жандай досың Қыңыраққа айт! –

деп, Сырдарияның ар жағындағы тауларды көмекке шақыру үшін айқай салып жұмсайды. Қара ниетпен келе жат-

қан таулар Қазығұрттың бұл шақыруын есітіп, Қазығұрт жалғыз емес екенін біліп, «егер бұл шақырған таулар мен төбелер көмекке келсе, бізді жеңіп кетуі мүмкін» деген екен. Сөйтіп, Нұх пайғамбардың кемесінің Қазығұртта тоқтауы жайдан-жай емес екендігін, бұл Алланың әмірі екенін біліп: «Оныменен соғысып, береке таппассың. Алланың қаһарына ұшырап, атағымыз бен абыройымыздан айрылып қалармыз» деп жөніне кеткен екен /4/.

Бүгінгі таңда Қазығұрт тауы халық жиі баратын орындардың біріне айналып отыр. Бұған біріншіден ел арасына кең тараған аңыз, топан судан кейінгі адамзатқа жаңа өмір сыйлаған қасиетті мекенді көрсем деген құлшыныс себеп. Ал екінші себеп – Қазығұрт өлкесінің көркем табиғаты, тау бөктерін жағалай өскен өсімдіктер әлемінің молдығы, осы өңірді мекендейтін жан-жануарлар дүниесінің байлығы.



Қазығұрт тауында ел «Кеме қалған» атандырған шың бар. Кеме қалғанның басына бүгінде ертедегі аңыздың символикасы ретінде кемеңіздің макеті орналасқан. Атадан балаға жеткен ел әңгімесінде кемеңіздің қаңқасы берегірекке дейін тұрды деп айтылады.

Кезекті халық аңызына берсек, былайша баяндалады. Баяғы өткен заманда Құдайдың жаратушы екендігін ұмытып, жер бетіндегі адамзат азып-тоза бастайды. Осындай жағдайды көзімен көріп жаны күйзелген Нұх пайғамбар елді қаншалықты түзу жолға салам десе де болдыра алмайды. Күндердің бір күнінде Құдайдан Нұх пайғамбарға хабар келеді: “жердің бетін топан су басады, қырық күн жаңбыр жауады, азғындардың бәрі суға қарық болады, сен кеме жасап, әрбір жан-жануардың, аңдардың түрлерінен жұп-жұбымен сол кемеге салып ал”. Нұх пайғамбар көп уақыт еңбек етіп, үлкен, мықты кеме тұрғызады. Жан-жануарлардан кемеге отырғызады. Дәл сол сәттен бастап жаңбыр жауа бастайды. Қырық күн жауған жаңбырдан жер қырық құлаш су көтеріледі, ол су қырық күнге дейін қайтпайды. Мерзімі жеткен кезде су басылып Нұх пайғамбардың кемесі бір биік таудың басына келіп қайырылған екен. Сол тауды халық “Қазығұрт” деп, кеме қайырылған шыңын “Кеме қалған” деп атап кеткен /4/.

Түркістан – екі дүние есігі ғой,

Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған

Түріктің Тәңірі берген несібі ғой -

деп Түркістан мен түркі дүниесін тамсана жырлаған Мағжан ақын:

Қазығұрт қасиетті тау болмаса,

Топанда Нұқ кемесі тоқтар қалай? - деген жолдар арқылы осы өңірдің киесі мен қасиетін паш етеді /11/.

Қазығұрт тауының төңірегі аңыз-әфсанаға толы. Халық фольклоры Кеме қалған шыңын Нұх пайғамбардың заманымен ұштастырса, сол маңайдағы ортасынан қақ бөлінген жартасты Адам ата – Хауа анамен байланыстырады. Ел арасында Адам ата мен Хауа ананың жартасы атанған осынау ғажайып жартастың маңынан келушілерді жиі кездестіруге болады. Бір-біріне жапсарласа біткен, ені 14 см, ұзындығы 30 метрлік қос тастың арасынан тек жүрегі таза, ниеті ақ адамдар ғана өте алады деген сенім бар.


Қазығұрттың бөктерінде адам денсаулығына оң ықпалын тигізетін ерекше орындар жеткілікті. Сондай тылсымға ие дәрумен бұлаққа Көз ата бұлағын да жатқызып жүр. Тағы да көнекөз қариялардан жеткен аңызға сүйенсек, бағзы замандардың бірінде Қазығұрт тауын әрі әулие, әрі емші адам мекендепті. Ол емші болғанда көз ауруын ғана жазады екен. Сондықтан зағип болғандардың барлығы осы емшінің дақпыртын естіп дертінен айығу үшін арнайы іздеп келіп, емделіп жүріпті. Бірақ бір ғажабы шын ниетімен емделуге келген сырқаттардың барлығы айығып кететін көрінеді. Жанары ашылып, жарық дүниенің келбетін көрген пенделер емшіге шексіз алғыстарын жаудырыпты. Өмір бар жерде өлім де бар демекші күндердің күнінде дәм-тұзы таусылған емшіге ажал жетіп, көз жұмады. Жақсылығы жалпақ дүниеге жайылған әулиенің қонағасына шегі мен шеті жоқ дүйім жұрт жиналыпты. Ақ жуып арулап, Қазығұрттың баурайына әулиені жерлейді. Арада қырық күн өткенде әулие мазарының дәл жанынан жерді жарып бұлақ ағып шығады. Бір ғажабы осы бұлақтың суынан ішіп, беті-қолын жуған адам көз ауруынан құлан-таза айығатын болыпты. Сөйтіп халық бұл бастауды «Көзатаның бұлағы» деп атап кетеді /27/.



Жылаған ата үңгірі

Жылаған ата үңгірі Қаратаудың етегінде орналасқан. Ол Түркістан қаласы маңындағы Бабайқорған ауылына жақын. Бұл жерге есте жоқ ескі заманнан бастап, күні бүгінге дейін адамдар легі толассыз ағылуда. Өйткені таудан сарқырап аққан бұлақ суы көп адамның кеселіне шипа болып, жанына желеу іздеген сандаған жұрт осы киелі орыннан рухани қолдау тапқандай күйге енеді. Аңызға сүйенсек, бұл оқиға шамамен VI-VII ғасырларда орын алған. Аңыз кейіпкерлері - жастары жер ортасынан асса да бір перзент сүймеген ерлі-зайыптылар дін жолына түсіп, Алладан бала сұрайды. Құдай тілегін қабыл етіп, бәйбішесі құрсақ көтергенімен, бала өзгелерден ерекше, яғни пердеге оралған мес сияқты болып дүниеге келеді. Дегенмен оларға Қыдыр ата аян беріп, «Бұл – қасиетті бала, құт-берекенің белгісі. Месті жармаңдар, өзі уақыты келгенде шығады. Өзірше көтеріп жүре беріңдер» - дейді. Аянды

қабыл алған ерлі-зайыптылар, біраз уақыт көтеріп жүреді, бірақ бала не сөйлемейді, не күлмейді, не жыламайды. Бір күні көтеріп жүруден шаршаған анасы өзеннің қасына келгенде месті көтеріп тұрып, «Сені қашанғы көтеріп жүреміз? Не сөйлемейсің, не күлмейсің, не жыламайсың?» - деп ренжіген кезде мес қолынан түсіп кетіп, ішінен нұрлы жүзді бала шығады. Бала местен шыға сала тауды беткейлеп қаша жөнеледі. Ата-анасы ізінен жүгіреді. Жол бойында артымнан әке-шешем шөлдеп келе жатыр деп асатаяғымен жерді ұрып қалып, сол жерде құдық пайда болады. Кейін ол құдықты ел Тасқұдық атандырып, киелі санайды /28/.



Ата-анасынан ұзап кеткен бала, олар жеткенше үлкен тасты асық қылып ойнап отырады, әке-шешесі жеткен уақытта жерге бір аунап, әрі қарай қашады. Бала аунаған жерде пайда болған су шұңқырын кейін ел «Ана жатыры» атандырады. Ата-анасы жақындаған мезетте бала

үлкен үңгірдің ішіне кіріп кетеді де шықпай қояды. Жалынып-жалбарынып кешірім сұрап, шығуын өтінген ата-анасына: біз мына дүниеде емес, анау дүниеде кездесеміз, мен үшін алаңдамаңыздар және арттарыңызға қарамаңыздар мен бар күшімді салып сіздер жүрген жерді ырыс-ынтымақ пен жақсылық, қуанышқа бөлеймін дейді. Әке-шешесі амалы жоқ көніп, мұңайып елге қайтады /28/.

Аңыз осылай аяқталғанымен, Жылаған атаның құпияға толы сырлы әлемі адамдарды әлі күнге өзіне баурап, тартып келеді.

Келесі аңыз да осы сарындас. Аңыз желісіне тоқталар болсақ, ол төмендегіше өрбиді: «Бір кісі бай болғанымен, перзенті болмапты. Әулие-әнбиелердің басына әйелі екеуі түнеп жүріп, бір күні әйелі құрсақ көтереді. Айы-күніне жетіп, толғатып, әйел іркілдеген мес туыпты. Мұнан соң әйел түн ішінде: «Құдайдан күндіз-түні тілегенім бұл емес еді ғой!» – деп жылап-еңіреп месті құшақтап үйден шығып кетеді. Тау-тастың арасында месті көтеріп, он екі жыл бойы көзінің жасы көл болып, қаңғып жүре береді. Күндердің күнінде әйелдің қолындағы мес жерге түсіп кетіп, жарылып, ішінен бала жылап шығып, жартастар арасымен қаша жөнеледі. Анасы да: «Балам, тоқташы!» – деп жалынып соңынан жүгіре береді. Бала: «Артымдағы анам шөлдеп келе жатыр ғой» деп асасын жерге бір ұрып, бұлақ ашып кетеді. Сол қашқан бойы бір үңгірге кіріп кетеді. Анасы ары шақырады, бері шақырады, бала тек үңгірдің ішінен: «Ана, мені іздеме, үйге қайта ғой», – деп үн береді, бірақ өзі шықпайды. Анасы оны қимай, сол үңгірдің жанынан кетпей жүре береді. Бір кезде бала үңгірден шығып: «Ана, мен ақыреттік баламын, бұл жерде жүре бермей, еліңе қайт, мен бәрібір енді жоқпын, менің мекенім – осы жер, осы үңгір», – дейді. Анасы жалынғанмен, бала көнбеді. Анасы: «Құдайдың

жазғаны осы шығар» деп ойлап, баласына «Жарайды, мен кетейін», – дейді жүрегі қан жылап тұрып. Бала айтты: «Тек артыңа қарама, жалғыз тілегім сол», – дейді. Анасы ақыры күдер үзіп, таудан шыққан соң, әлі де қимай, артына жалт қарайды. Артына қараса, қызыл су оны өкшелей басып келе жатыр екен. Әйел артына қараған заматта қызыл су жерге сіңіп кетеді. Егер әйел артына қарамағанда, сол құла түз дала жайқалған жасыл желек болады екен. Бала кіріп кеткен үңгір сол уақыттан бері «Жылаған ата» аталып келеді. Сол үңгірді жағалап жүре берсеңіз, бір жартас тік болып келіп, одан тамшылап су ағып тұрады. Оны «Жылаған атаның анасының көз жасы» дейді. Жылаған атаның мекен шыққан жері, мес түскен жер «Мес әулие» деп аталады. Ол жерді де жергілікті халық киелі жер деп санайды /4/.

Жұртты баурайтын қасиеті

Қасиетті Түркістан өлкесін Мағжан ақынның екі дүние есігіне теңеуі тегін емес. Түркістан топырағын басқан адамды өткен күндердің буалдыр елесі баурап, ертегі әлеміне енгендей күйге түсіреді. Мәселен, Қазығұрт тауына келген адам жаратылыстың құпия сырларына бір қадам жақындап, жақсылық пен жамандық, фәни мен бақи туралы ойланып қана қоймай, топан судан кейінгі жаңа тіршіліктің лүпілін сезінеді. Өзі аласа тау болса да, жер жүзіндегі таулардың қасиеттісі саналатын киелі мекеннің жұпар ауасын жұтып, бойына қуат жинайды. Құдай жер мен көкті жаратқанда бірге жаралған Қазығұрт тауы туралы аңыздарды еске түсіріп, көкпеңбек аспаннан өткен буалдыр заманның елесін көргендей күй кешеді. Ел арасында «Қазығұрт тауының басында, күнбатыс жағындағы азырақ тегіс жер – Нұх пайғамбардың кемесінің орны. Қазығұрттың

басында бір үңгір бар. Ол үңгір - Қазығұрт атаның моласы. Басқа жерлерді бұлт басса да, Қазығұрттың басын бұлт шалмайды. Егер Қазығұрттың басына бұлт шөгіп, көрінбей қалса, міндетті түрде жауын болады» деген түсінік бар.



Қазығұрт көрінісі

*Қазақ халқының фольклорлық үлгілерінде:
Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол «әулие» болмаса, неге қалған?
Жетім бота үстінде жатып қалып,
Ойсылқара жануар содан қалған.
Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол «әулие» болмаса, неге қалған?
Қыршаңқы тай үстінде жатып қалып,
Қамбар ата жануар содан қалған.
Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол «әулие» болмаса, неге қалған?*


*Тышқақ тана үстінде жатып қалып,
Зеңгібаба жануар содан қалған.
Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол «әулие» болмаса, неге қалған?
Қотыр тоқты үстінде жатып қалып,
Шопаната жануар содан қалған-*

деп, төрт түліктің шығу төркінін де Нұх пайғамбармен байланыстырады /4/.

Ал Жылаған ата бұлағы мен үңгірі өзінің табиғи сұлулығымен ғана емес, адам ағзасына тигізетін емдік қасиетімен де келушілерді тартады. Жылаған ата үңгірінің аузы 8-9 метрдей болса, биіктігі 3-4 метр, ал тереңдігі 50-60 метрге дейін жетеді. Үңгір үш үлкен тесіктен тұрады. Біріншісі жоғарыдағы атқылап су ағатын жері, екінші тесігі ата-анасы артына қараған уақытта пайда болған делінсе, ал үшіншісін Кеңес үкіметі кезінде геологтар арнайы құралдармен құлатпақ болған кезде пайда болған деп түсіндіреді. Алайда ғалымдар үңгірдің құпиясын аша алмайды. Оған кенеттен пайда болған жыландар мен түйелер кедергі келтіріпті-мыс. Қалай болғанда да бұл жердің құдіреті ерекше екені сөзсіз. Таулы үңгірден ағатын судың тек құран оқыған кезде ғана ағуы және аяқ астынан, күтпеген жерден сарқырама секілді лақ ете қалуы бұлақтың құпиясын арттыра түседі. Ниеті таза адам келіп, құран оқыған кезде тасып ағатын суды кей адамдар апталап тосып, бір жұтуға зар болады екен. Жылаған атаның суы бір адамға ағып, екінші бір адамдарға ақпайтыны – не дегенмен де жұмбақ құбылыс /28/.

Қасиетті орындары

Қазығұрт тауына келген адам әулие бұлақтан су ішіп, дертіне шипа табады деген наным да бар. Тағы да аңызға сүйенсек, баяғы өткен заманда Шілтер деген бір әулие кісі болыпты. Құдайға құлшылықтан жазбаған, істеген ісі ақ, көңілі судай пәк, ниеті адал, сөзі түзу адам екен. Бір күні жолаушылап келе жатып қасындағы қырық кісісімен бірге Қазығұрт тауының етегіне келіп түседі. Дәм ішіп, дамылдағаннан кейін бесін намаз оқуға кіріседі. Намаз оқылып жатқан кезде таудан түскен қарақшы дұшпандар әулиені серіктерімен қоса өлтірмекке бекініп, тап береді. Шілтер мен қасындағы қырық жолдасы намаздарын бұзбай оқи береді. Намаз үстінде әулие Алладан: – Иә, Құдайым, бізді жау қолына түсіре көрме, жау қолына түскенше, тас мүсінге айналдырып қатыра гөр, – деп тілейді. Жарықтық қасиетті Шілтердің тілегі қабыл болып, серіктерімен бірге тасқа айналып, қатып қалады. Сонан көпшілік бұл жерді Қырық Шілтер әулиенің жері деп атап кетеді.



Қырық Шілтер әулиенің жері

Осы жерде біріне-бірі қарама-қарсы үш бұлақ ағып жатыр. Үшеуінің дәмі де үш түрлі, емі де үш түрлі. Біреуі іш ауруларына, екіншісі көз ауруларына, үшіншісі құлақ ауруларына дәру. Бұлақтың суынан қанып ішіп, ем-дом қабылдау үшін осы тауға келетіндер ел арасында әлі де кездеседі. Ал ана құрсағы аталып кеткен үңгірге балаларын тіл-көзден аман жүру үшін аунатып алады.



Ақ бура кесенесі

Қасиетті өңірде бой көтерген Ақ бура, Тамшы бастау, Қазығұрт ата, Өңгір ата, Оспан ата, Қошқар атаның мазарлары келушілерге ежелгі тарихтан сыр шертеді.



Ақмешіт үңгірі

Ақмешіт үңгірі – Түркістан облысына қарасты Бәйдібек ауданына жақын орналасқан ерекше бағаланатын табиғи мұралардың ішіндегі бірегейі. 250 метр биіктіктегі таудың сілемінде орналасқан үңгір сырт көзге елеусіздеу болғанымен, арнайы барған адам адаспай табатындай. Өктасты жыныстар қабатынан түзілген үңгірдің ұзындығы 254 метрді құраса, ені – 65, ал биіктігі – 25 м. Үңгірдің ішінде тұрып қараған адамға үңгірдің ернеуі киіз үйдің шаңырағы секілді көрінеді. Бір кездері Ақмешіт бір әулие осы үңгірдің ішіне әулетімен киіз үй тігіп, сатымен шығып-түсіп жүрген деген деген аңыздың туындауына осы көрініс әсер еткен бе деген ойға келесіз.

Ақмешіт үңгірінің топонимикалық аңызы тыңдаушыларды қазақ-қалмақ арасындағы шапқыншылық жылдарға қарай жетелейді. Аңызға сүйенсек, сонау бір қиын-қыстау заманда қазақ батыры бастаған он мың қол нәсерден тасалап келіп, осы үңгірде таң намазын сәждеге қатар тұрып оқыған екен. Сол себепті үңгірдің аты Ақмешіт аталыпты. Халық арасына тараған аңыздардың енді бірінде үңгірдің орнында бұрын жер асты мешіті болғандығы, бірақ жер сілкінісінің нәтижесінде мешітке апарар жолдың жабылып қалғандығы туралы айтылса, енді бір аңыз есте жоқ ескі заманда адам жегіш аждаһаны Ақмолда әулие осы жерде ауыздықтаған делінеді.

Қалай десек те Ақмешіт үңгірінің адам баласына тигізер тылсым әсері бар екені сөзсіз. Үңгірдің осылай аталуына үңгір ішінің аппақ тастармен көмкерілуі де себепші болғандай. Қазақ ұғымында мешіт деп киелі, таза, қасиетті жерді атайды. Әжелеріміз өз ошағының басын «менің құттыхана мешітім» деп отырушы еді.

Шынында да үңгірдің іші кең, таза ғана емес, адам ағзасын да қуаттандырып, оған күш беретін қасиетке ие.

Үңгірдің ішіндегі температура қысы-жазы +18-20 градус болып өзгермей тұруы келушілерге аса қолайлы ахуал тудырады. Үңгір жаздың аптабында келген жолаушыға салқын самал сыйласа, қыста қоңыржай күйге бөлейді. Ел арасында адам ағзасын байлайтын жаман энергетика – тіл, көз, дуа және геомагнитті әсерлерді сылып тастайды деген да наным бар. Бір перзентке зар болған ерлі-зайыптылар, науқасынан айығам деген үміт жетелеген аурушаң адамдар әлі күнге дейін үңгірге түнеп, мінәжат етеді.


Бағыт-бағдары

Қазығұрт тау кешені Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы шекарасында орналасқан. Астана, Алматы қалаларынан шыққан жүргінші әуежолы, теміржол және автокөлік жолдарымен Шымкент қаласына дейін жетуіне болады. Шымкент қаласынан Қазығұрт тауларына автобус немесе басқа да автөкөліктер қатынайды. Жол қашықтығы 35 шақырымды құрайды.

Ал Жылаған ата үңгірі Түркістан қаласына жақын орналасқан Бабайқорған ауылының маңында. Түркістаннан 80 км ары, Абай ауылынан солтүстікке қарай «Жылаған ата» бұлағын кездестіруге болады. Жылаған ата үңгіріне жаяу жүргінші ғана жете алады. Үңгірге биіктігі 300-350 метрді құрайтын үйінді болған жартастар арқылы көтерілу керек.

Ел аузында киелі аталып кеткен Ақмешіт үңгірін көргіңіз келсе, бірінші Шымкент қаласына жетіп аласыз, содан соң қаладан 70-80 шақырым қашықтықта орын тепкен үңгірге туристер жолаушылар автобустарымен, жеке көлік арқылы жетіп, үңгірге саяхат жасайды.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ
ФИЗИКАЛЫҚ КАРТАСЫ



1. ИҚСТАУ



2. ИВАНОВСКИЙ ЖОТАСЫ



3. ҚАТЫН ЖОТАСЫ



4. ЛИСТВИЦА ЖОТАСЫ



5. АЛТАЙ, ЯЗОВАЯ ВӘЕНІ



6. РАХМАН ИӨЛІ




7. МАРҚАӨЛ

8. БИҚТЫРА ВӘЕНІ

9. СІБІРІ ГРАНІТТІ МАССИВІ

10. ЯЗОВЕ ИӨЛІ



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Шежірелі өлке

Шығыс Қазақстан облысы – Қазақстан Республикасының солтүстік-шығысындағы әкімшілік-аумақтық бөлік. 1932 жылы 10 наурызда құрылған. 1997 ж. құрамына Семей облысы енді. Облыс құрамында 15 әкімшілік аудан, 10 қала, 24 кент, 244 ауылдық округ бар. Облыс Қазақстан Республикасының Павлодар, Қарағанды, Алматы облыстарымен, Ресей Федерациясының Алтай өлкесі және Алтай Республикасымен, Қытай Халық Республикасымен шектеседі. Шығыс Қазақстан облысының аумағында өңірдің минерал-шикізат ресурстарына өңірдің қажеттілігін қамтамасыз ететін пайдалы қазбалар қорлары ретінде зерттелген кен орындарының көп мөлшері мәлім: түсті металдар (Риддер-Сокольный, Тишин, Малеев, Николаев, Артемьев, Орлов және басқа да), алтындар (Бақыршық, Суздальское, Мизек, Күршім өзенінің тарамдары және басқа да), сирек металдары (Бакен, Ақ тау, Юбилейное, Ахметкино), көмір мен жанғыш тақтатас (Қаражыра, Кендірлік, Бобровка, Белокаменка), кенді емес шикізат (отқа төзімді шикізат, карамзит және бетонит батпағы, әк, кірпіштік және цементтік саз-құмды тау жынысы, шыны шикізаты мен құрылыс материалдары), сондай-ақ жер астындағы минералды мен ауыз сулар (Өскемен, Лениногор, Богатырев, Құлынды). Облыс аумағы су қорларына бай, мұнда жалпы ұзындығы 10 мың км-ден асатын 800-ден астам өзен ағып өтеді. Басты су арнасы таулы Үлбі, Уба, Қарақаб, Қалжыр, Күршім, Нарын, Бұқтырма және басқа да өзендер құйылатын Ертіс өзені болып саналады (ұзындығы – 4248 км, облыстан тыс – 1311 км). Облыста ірі

Зайсан, Марқакөл, Алакөл, Сасықкөл көлдері бар. Бұған қоса ұсақ өзендер, су қоймалары көп, олардың ішінде ең үлкені Бұқтырма болып саналады. Өзендерде табан, сазан, шортан, аққайран, тау көлдері мен өзендерінде – таймень, хариус, бахта, пайда, Марқакөл өзенінде майқан (үскіш) балықтары мекендейді. Облыс елдің дамыған индустриялық-аграрлық өңірі болып табылады. Өңір өнеркәсібі басым сала – түсті металлургиядан басқа, машина жасау, энергетика, химия және ағаш өңдеу, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, құрылыс материалдарын шығарудан құралған. Облыс аудандары мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін шығаруға маманданған.

Облыстың киелі орындары – Ырғызбай ата кесенесі, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу мазары, Берел, Шілікті қорымдары, Қоңыр әулие үңгірі, Абай–Шәкәрім мемориалды кешені, Алтайдағы Мұзтау шыңы, Ақбауыр тарихи-археологиялық кешені, Ф.М.Достоевскийдің әдеби-мемориалды үйі, «Алаш арыстары» үйі, Семей полигоны құрбандарына арналған «Өлімнен де күшті» монументі /3/.

Бұған қоса жергілікті маңызы бар қасиетті орындардың тізіміне Сауыр таулары, «Бөрітастаған» құз-жартасы, Ашутас тауы, Алау адырлар шоқысы, Қиын-Керіш таулары, Зайсан көлі, Марқакөл көлі, Рахман көлі, Қасиетті бұлақ, Аблайкит – бекініс-ғибадатханасы, Еңлік - Кебек кесенесі, Боранбай би Қалқаманұлының кесенесі, Шәкі би Тасыбайұлы жерленген жер, Арқарбай әулие Шоқантайұлы жерленген жер, Бектұрған әулие кесенесі, Барақ батыр Шүрекұлының ескерткіші, Батыр Шынқожа Базарқұлұлының жерленген жері, Батыр Шахантай Жауғашарұлының кесенесі, Батыр Күшікбай Қанайұлы кешені, Жобалай би кесенесі, Дулат Бабатайұлы кесенесі,

Омар Смағұлұлы кесенесі, Тыныбай Қауқенов мешіті, Тана би Тілемісұлының кесенесі, Ескі там мектеп-медресесі кіреді /2/.



Ақтас тауындағы Қоңыр әулие үңгірі

Ақтас тауындағы Қоңыр әулие үңгірі - Абай ауданы, Тоқтамыс ауылынан 18 шақырым жерде орналасқан. Бұл үңгір де еліміздің басқа да қастерлі орындары сияқты жұртшылықтың әрі тәу ететін, әрі саяхат жасайтын мекендерінің біріне айналып отыр. Үңгір таудың қуысында, жақпар тастардың арасындағы көзге елеусіздеу жерде орналасқан. Ені 80 метр, ал биіктігі шамамен 1,5 метрді құрайтын үңгірдің табанында суы мөп-мөлдір көл бар. Үңгір ішіндегі көлдің ұзындығы – 25 метр, ені – 10, тереңдігі – 1,8 метр, дегенмен оның көлемі жерасты суының деңгейіне байланысты өзгеріп те отырады екен. Неше ғасырдан бері жұртшылық осы көлдің суына бір сүңгіп, дертіне шипа тауып келеді. Қоңыр әулие үңгірі туралы топонимикалық аңыз ат


басын сонау Нұх пайғамдардың заманына тірейді. Аңызда Нұх пайғамбардың жерді топан су басады деген ескертуін естіген үш әулие пайғамбарға ілесу үшін сапарға аттанады делінеді. Алайда ұзақ жолдан арып-ашып, кешеуілдеп жеткен жолаушыларға кемеден орын жетпей қалады. Әулиелер бірнеше бөренеден сал жасап, кеменің артынан ілеседі. Алайда жердің беті ала тұман болып, топан су басқан кезде әулиелер мінген сал тасқа соғылып, үшеуі үш жаққа кетіпті-мыс. Судың арыны басылып, Қоңыр әулие мінген бөрене осы үңгірге келіп тоқтаса керек. Осы жерді мекен етіп қалған әулие қайта қоныстана бастаған халықты емдеп, ізгілікке шақырып, кейіннен үңгір Қоңыр әулие үңгірі атанып кеткен екен /29/.



Мұзтау – осы өңірдің ғана емес, исі қазақ елінің мақтанышына айналған ерекше бағаланатын табиғи мұралардың бірі. Алтай тауларының ең биік шыңы, «Алтайдың алтын таулары» атанып, бүкіл әлемді тамсандырып отырған тәкаппар қарлы шыңның биіктігі – 4506 м, жотаның ұзындығы – 150 км. Бұл өлке туралы ел арасында санқилы аңыз-әңгімелер бар. Сол аңыздардың дені «Мұзтау – жердің кіндігі» дегенге апарып саяды. Тәңірлік наным бойынша аспанды Көк Тәңірі мекендесе, Мұзтауды Ұмай ана өз тұрағына айналдырыпты-мыс. Тәңірі мен Ұмай ананың баласы Жер-су түркі жұртын бауырына басып, қамқорлық жасаған көрінеді. Ашина тайпаларының да осы киелі Алтай тауларынан шығуы сол кездегі ел өміріндегі бұл өлкенің алатын орнын салмақтандыра түседі.

Қош, бұл ел жадында сақталған бір аңыз делік. Енді шынайы әлемге келер болсақ, Мұзтау шындығында да жанына сая, көңіліне сабыр іздеп келген жандарға адам мен табиғаттың үндес екенін, нақтырақ айтқанда табиғаттың бір кішкене бөлшегі екенін түсіндіретін құтты мекен. Жануарлар дүниесіне бай, етегі егіншілікке қолайлы, қойнауында полиметалл кентастары мен алтын қоры мол бұл өлке ел экономикасын арттырудың жетекші драйверлерінің біріне айналып отырған туризм саласын дамытуға да аса қолайлы /30/.

Жотаның батыс етегінде емдік қасиеті бар Рахман қайнары орналасқан. Қайнар суының құрамында кездесетін көмір қышқылы, радонның молдығы, қарағайлы ауаның тазалығы, табиғатының сұлулығы адамға берер шипалық қасиетін арттыра түспек. Асқазаны ауырған, буыны сырқыраған, бір перзентке зар болған, жүйкесі жұқарып, тыныс алу жолдарының ауруына шалдыққан талай науқас жандардың осы өңірден шипа тапқанын жергілікті халық жыр етіп айтуда.



Қасиетті бастау

112 Мұзтаудың ерекше энергетикасы бар екендігі ғалымдар тарапынан да расталып отыр /31/. Арнайы құрылғылар таудың үнемі дірілдеп тұратынын байқаса, мұндай ұсақ дірілдің адам ағзасына тигізетін оңтайлы әсері іс жүзінде дәлелденген. Ағзаға күш беріп, бойдағы теріс энергетиканы тазалайтын қасиетті мекеннің атамекеніміздің аумағында орналасуы ұлттық мақтанышымызды арттыра түспек.

Жұртты баурайтын қасиеті

Қоңыр әулие үңгірінің қазақ-қалмақ арасындағы шапқыншылық жылдары әскерге қорған болғандығы туралы «Қабанбай батыр», «Тоқтамыс батыр» дастандарында айтылған. Үңгірдің тарихи маңызы туралы Мейрамтай Иманғалидың Қоңыр әулие үңгірі жайлы аңыз бен ақиқат мақаласында төмендегідей дерек келтіріледі: «Сонау 1892 жылы «Витебские губернские ведомости» газетінің № 63 санында Қоңыр әулие үңгірі жайында мақала жарық көріпті.

Онда бұл үңгір жайында: «Қоңыр әулие – қазақтардың Семей маңындағы әулие үңгірі, онда адам бойындай әйелдің мүсініне тәу етуге көптеген адамдар келіп жатады. Оның айналасында тастан жасалған ұсақ заттар, моншақ және қола мүсіншелер шашылып жатады. Әулие маңында құрбандық шалынады, індет болған жағдайда ауырған мал да осы жерге әкелінеді» деп жазылған екен. Кейіннен «Семипалатинские вести» басылымында Семей өлкесін зерттеуші Виктор Брюхановтың Қоңыр әулиеге жасаған сапары туралы жазбасы жарияланады. 1897 жылдан Семей қаласында тұрған ол Семейдегі қалалық училищенің 5-класын бітіріп, 1900-1904 жылдары Семей облыстық статистика комитетінде жұмыс істепті. 1904 жылы шаруалар бастығының іс-қағаздарын жүргізуші қызметін атқарған В.Брюханов Абаймен бірнеше рет жүздесіп, ақынның балалары, туған-туыстарымен, әсіресе, Тұрағұл, Шәкәріммен араласып тұрған көрінеді. Жалпы, Қоңыр әулие үңгіріне қатысты деректерде, осы үңгір қабырғаларының бірінде Ұлы Абайдың арабша жазылған қолтаңбасы бар екендігі де айтылады... Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының «Өкініште» атты тарауында да Абайдың Петербордан келген Әбішті сергіп, серпіліп қайтсын деп Қоңыр әулиеге жіберетіні баяндалады /32/. Сонымен қатар ел арасында дәл осы Қоңыр әулие үңгірінде Шыңғысхан жерленген деген болжамның да бар екенін айта кетеді.

Үңгірдің аузы жерасты дүмпулерінің салдарынан тарылып қалғандықтан, бүгінде үңгірге адам тек бір қырындап қана кіре алады. Үңгірдің іші қуыс-қуыс бірнеше бөлмелерге бөлінген. Сол жақ тармағында кішкене көл бар. Ол үлкен жерасты көліне жалғасады. Ал Қоңыр әулиенің киелі көлі оң жақ тармағындағы негізгі бөлменің екінші басында орналасқан. Көлдің суы шомылуға суық болғанымен,

дертіне шипа іздеп келген науқастар оны денесіне құйып, емдік шараларды жасайды. Бір перзентке зар болған бедеу әйелдер, буындарынан әл кетіп, балдаққа сүйенген кембағал жандар жолдың қиындығына қарамай, үңгірге келіп, науқасына дауа іздейді.

Қасиетті орындары

Бұл өлкеде ғалымдар арасында «әлемнің сегізінші кереметі» аталып жүрген Қиын-Керіш шатқалының орналасқандығын айтып өтпесек болмайды. Зайсан көлінің солтүстік шығысындағы бұл шатқал алыстан қып-қызыл болып көз тартып, жалт-жұлт еткен отты ұшқындар арбап алады. Шөгінді жыныстардан пайда болған керіштер күн сәулесімен шағылысып, аспандағы мың сан жұлдыздар жерге түскендей әсер етеді.



Қиын-Керіш шатқалы

Алтай тауы аумағының бөлігі болып табылатын бұл өлкеде жалпыадамзаттық өркениетті бейнелейтін «Берел қорғандары» мен «Шілікті обалары» көнетүркілік мұралар көп сақталған ескерткіштерге жатады.

Берел қорымы – сонау 1865 жылы Вильгельм Радлов зерттеп, көпшілікке паш еткен кезеңнен бастап, күні бүгінге дейін ғалымдар тарапынан үлкен қызығушылыққа ие болып отырған қасиетті орындардың бірі. Қорғаннан табылған алтынмен апталған 13 тұлпар мен сол заманның көсемі болған бек-



«Берел» қорымы

зада мен әйелдің сүйегі ежелгі көшпелілер өркениетінен мол мағлұмат береді. Еліміздегі теңдесі жоқ органикалық олжалар сақталған киелі мекен - Берел қорымының саяхатшыларға сыйлар әсері шексіз /33/.

Археология ғылымындағы соны жаңалық – үшінші алтын адам табылған Шілікті қорымы көне мәдениеттің аса бір өркендеген уақыты – б.з.д. I-мыңжылдықтағы сақ тайпалары мекендеген дәуірден сыр шертеді /34/.

Археология ғылымындағы соны жаңалық – үшінші алтын адам табылған Шілікті қорымы көне мәдениеттің аса бір өркендеген уақыты – б.з.д. I-мыңжылдықтағы сақ тайпалары мекендеген дәуірден сыр шертеді /34/.



«Шілікті» қорымы

Бағыт-бағдары

Қоңыр әулие үңгірі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы, Тоқтамыс ауылынан 18 шақырым жерде орналасқан. Семейден Абай ауданы орталығының Қарауыл ауылына дейін автобуспен жетіп алған соң, ауылдың жол көрсетушілерінің көмегін пайдаланып, автокөлік және арнаулы автобустармен саяхат жасауға болады. Күшікбай асуын қақ жарып жатқан күре жол Бөрілі, Орда, Шыңғыстауды айнала отырып Ақтас тауына әкеледі. Қоңыр әулие үңгірі осы таудың етегінде, Шаған өзені иіріліп өтер тұсында орналасқан.

Ал Мұзтау Қатонқарағай ауданының аумағында орналасқан. Мұзтауға барғыңыз келсе, бірінші Қатонқарағай ауданының орталығы Үлкен Нарын ауылына жетіп аласыз. Ал қалған 65 шақырымдық жол жеке автокөлік жалдау, не арнаулы туристік жолаушылар автобустарымен жалғастыруды қажет етеді.



ҚОСЫМША

Қазақстандағы жалпыұлттық қасиетті нысандар мен кешендердің тізімі

Астана қаласы

1. Бозоқ қалашығы.
2. Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды кешені.
3. Астана-Бәйтерек монументі.
4. «Қараөткел» - мұсылман зираты (*К.Қасымұлы батырлары жерленген жері*).
5. Смағұл Сәдуақасовтың жерленген жері.
6. Ашаршылық құрбандарына арналған монумент.
7. «Отан-Ана» Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан майдангерлерге және Отан қорғаушыларға арналған монумент.
8. Қазақ елі монументі.
9. Мәңгілік ел салтанатты аркасы.
10. Бейбітшілік және Келісім сарайы.

Алматы қаласы

1. Боралдай тарихи-археологиялық кешені.
2. Райымбек батыр кесенесі.
3. Ахмет Байтұрсынұлы мемориалды үйі.
4. 1991 жылы Тәуелсіздік Декларациясы қабылданған «Үкімет үйі» ғимараты.
5. Республика алаңы (*Тәуелсіздік монументі*).
6. «Тәуелсіздік таңы» - 1986 жылы желтоқсан оқиғасына арналған монумент.

Ақмола облысы

1. Қосбатыр-Құмай мемориалды кешені.
2. Ботағай кесенесі.
3. Абылай хан алаңы.
4. Оқжетпес жартасы.
5. Кенесары үңгірі.
6. Қабанбай батыр қорым-кесенесі.
7. Беспқыр кесенесі.
8. Баубек батыр кесенесі.
9. Олжабай Төлебайұлы кесенесі.
10. Науан Хазрет кесенесі.
11. Қорғалжын көлі.

Алматы облысы

1. Таңбалы (Тамғалы) тас археологиялық кешені.
2. Есік тарихи-археологиялық кешені.
3. Хан Тәңірі шыңы.
4. Шарын шатқалы.
5. Көлсай көлдері.
6. Қойлық қалашығы.
7. Қапал батыр кесенесі.
8. Орбұлақ шайқасы болған жер.
9. Аңырақай шайқасы болған жер.
10. «Тамшыбұлақ» бұлағы.
11. Алтынемелдегі Шоқан Уәлиханов мемориалды кешені және жерленген жері.
12. Жаркент мешіті сәулет-көркемөнер кешені.
13. «Ереуіл төбе».
14. Малайсары Тоқтауылұлы жерленген жері.
15. Наурызбай Құттымбетұлы батыр кесенесі.
16. Жамбыл Жабаев кесенесі.
17. Жаңалық кентіндегі қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш.

Ақтөбе облысы

1. Жаманшың кратері.
2. Абат-Байтақ кесенесі.
3. Қобыланды батыр мемориалды кешені.
4. Хан моласы мемориалды кешені (XVIII ғ. Әбілқайыр хан).
5. Есет Көкіұлы кесенесі.
6. Ойсылқара қорымы.
7. Бопай ханым жерленген жері.
8. Есет Көтібарұлы кесенесі.
9. Исатай Тайманұлы кесенесі.
10. Досжан ишан мешіті.

Атырау облысы

1. Иманқара кешені.
2. Сарайшық қалашығы.
3. Аралтөбе тарихи-археологиялық кешені.
4. Ұшқан ата қорымы.
5. Ақмешіт қорымы.
6. Құлшан ата жерасты мешіті.
7. Махамбет Өтемісұлы кесенесі.

Жамбыл облысы

1. Тараз қалашығы.
2. Жайсан түркі ғұрыптық кешені.
3. Меркі түркі ғұрыптық кешені.
4. Ақыртас кешені.
5. Қарахан кесенесі.
6. Айша бибі кесенесі.
7. Бабаджа Хатун кесенесі.
8. Тектұрмас кешені.
9. Байзақ датқа кесенесі.

Қарағанды облысы

1. Әулиетау «Ақмешіт».
2. Алтын шоқы.
3. Едіге тауы.
4. Беғазы археологиялық кешені.
5. Бектау ата тауы және үңгірі.
6. Теректі әулие петроглифтері.
7. Домбауыл ғұрыптық ескерткіші.
8. Алаша хан кесенесі.
9. Жошы хан кесенесі.
10. Бұқар жырау кесенесі.
11. Шанышқылы Бердіқожа батыр кесенесі.
12. Бұланты шайқасы болған жер.
13. Құнанбай қажы мешіті.
14. Қарлаг (Долинка к.) саяси қуғын-сүргін құрбандарының жерленген жері.
15. Тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығы.
16. Жұбан ана кесенесі.
17. Ағыбай Қоңырбайұлы кесенесі.
18. Жидебай Қожаназарұлы кесенесі.
19. Баян батыр жерленген жері.
20. Тәттімбет Қазанғапұлы кесенесі.
21. Байғозы Наймантайұлы батыр жерленген жері.

Қостанай облысы

1. «Екідің» ғұрыптық кешені (Сарыторғайдағы ерте кезең ескерткіштері).
2. Торғай геоглифтері.
3. Ыбырай Алтынсарин кесенесі.
4. Амангелді Иманов жерленген жері (ескерткіш).
5. Әбдіғаппар Жанбосынұлы кесенесі.
6. Кейкі батыр кесенесі.

7. Міржақып Дулатұлы кесенесі.
8. «Қамысты» (ҚазАрқаим) қорғанысы.
9. Жәуке Назарғұлұлы кесенесі.
10. Барақ Қарабалуанұлы кесенесі.

Қызылорда облысы

1. Шірік-Рабат қалашығы.
2. Жанкент қалашығы.
3. Жент қалашығы.
4. Сығанақ қалашығы.
5. Қорасан Ата кесенесі.
6. Төлегетай ата және Қылышты ата кешені.
7. Бегім ана мұнарасы.
8. Оқшы ата кесенесі.
9. Қорқыт ата мемориалды кешені.
10. Жанқожа Нұрмұхамедұлы кесенесі.
11. Бұхарбай Естекбайұлы кесенесі.

Маңғыстау облысы

1. Қызылқала қалашығы.
2. Оғыланды жеріндегі Бекет ата (XVIII ғғ.).
3. Шопан ата (X–XIX ғғ.).
4. Көне Бейнеу қорымы және Бекет Ата (XI–XIX ғғ.).
5. Қараман ата қорымы және жерасты мешіті (XIII–XIX ғғ.).
6. Масат ата қорымы және жерасты мешіті (X–XIX ғғ.).
7. Шақпақ ата қорымы және жерасты мешіті (IX–X ғғ., XIV–XIX ғ.).
8. Сұлтан-епа жерасты мешіті, қорымы және сайы, энеолит, (б.д. X–XIX ғ.).
9. Сисем ата қорымы (XIII–XIX ғғ.).
10. Барақ Сатыбалдыұлы кесенесі.

11. Т. Г. Шевченко мемориалды кешені.
12. Отпан тау тарихи-мәдени кешені.
13. Иса Тіленбайұлы.
14. Досан Тәжіұлы.
15. Балуанияз Мүсірепұлы.

Оңтүстік Қазақстан облысы

1. «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени кешені (*Қ.А.Яссауи кесенесі, Салқам Жәңгір хан, Тәуке хан, Абылай хан, Шақшақ Жәнібек батыр, Қаз Дауысты Қазыбек би, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Жауғаш батыр және басқа да ұлы тұлғалардың жерленген жері*).

2. Рабия Сұлтан Бегім кесенесі.

3. Үлкен Қылует.

4. Гаухар ана кесенесі.

5. Есім хан кесенесі.

6. Хақназар хан кесенесі.

7. Яссы қалашығы (Күлтөбе, Түркістан).

8. Арыстан баб кесенесі.

9. Қазығұрт тау кешені (*Кеме қалған, Ақбура әулие, Ғайып Ерен Қырық Шілтен, Тамшы бастау әулие*).

10. Ибраһим ата кесенесі.

11. Қарашаш ана кесенесі.

12. Үкаш ата мазары.

13. Таңбалы тас ескерткіші.

14. Сауран қалашығы.

15. Отырар қалашығы.

16. Созақ қалашығы.

17. Сайрам (Исфиджаб) қалашығы.

18. Исмайл ата сәулет кешені.

19. Жылаған ата бұлағы және үңгірі.

20. Ақмешіт үңгірі.

21. Баба Түкті Шашты Өзіз кесенесі.
22. Қарабура кесенесі.
23. Бәйдібек би кесенесі.
24. Домалақ ана кесенесі.
25. Бірлік - Ордабасы мемориалды кешені.
26. Аппақ-Ишан мешіті.

Павлодар облысы

1. Баянауыл тауындағы Қоңыр әулие үңгірі.
2. Ақкөл-Жайылма қалашығы.
3. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кесенесі.
4. Жасыбай Өмірұлы батыр жерленген жері.
5. Исабек Хазрет кесенесі.

Солтүстік Қазақстан облысы

1. Ботай қонысы.
2. Қарасай және Ағынтай батырларының мемориалдық кешені.
3. Абылай хан резиденция кешені.
4. Қожаберген жырау кесенесі.
5. Сырымбет мекені.
6. Құдайберді Құлсары батыр кесенесі.

Шығыс Қазақстан облысы

1. Мұзтау.
2. Алакөл көлі.
3. Ақтас тауындағы Қоңыр әулие үңгірі.
4. «Ақбауыр» тарихи-археологиялық кешені.
5. Берел тарихи-археологиялық кешені.
6. Шілікті тарихи-археологиялық кешені.
7. Қозы Көрпеш пен Баян сұлу кесенесі.
8. Ырғызбай Ата кесенесі.

9. Абайдың «Жидебай-Бөрілі» тарихи-мәдени кешені.
10. Ер Жәнібек Бердәулетұлы батыр.
11. Ф.М.Достоевскийдің әдеби – мемориалды үйі. (Семей қ.).
12. Алаш арыстары үйі.
Семей полигоны құрбандарына арналған «Өлімнен де күшті» монументі.

Батыс Қазақстан облысы

1. Жайық қалашығы.
2. Бөкей Ордасы тарихи- кешені.
3. Дәулеткерей Шығайұлы.
4. Тақсай тарихи-археологиялық кешені.
5. Жұмағазы хазірет кесенесі.
6. Ғұмар Қараш жерленген жері.
7. Жымпитыдағы «Алаш Орда» үйі.

ҚОСЫМША

Жергілікті маңызы бар қасиетті орындардың тізімі

Астана қаласы

1. Күйгенжар мекені - Өз Тәуке ханның ордасы.
2. Бұрынғы Мұсылман мектебі.
3. Мұсылман жастарына арналған Баймұхамбет Қосшығұловтың мектебі.
4. «Жасыл» мешіттің қоршауы.
5. Қалалық басқарма ғимараты (М. Горький атындағы Орыс драма театрының әкімшілік ғимараты).
6. Көпес Матвей Кубриннің үйі.

Алматы қаласы

1. Медеу шатқалы.
2. Көктөбе.
3. Шымбұлақ.
4. Верный бөбектер үйінің ғимараты (қазіргі Алматы музейі).
5. 1931-1933 жж. Ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш.
6. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының ғимараты.
7. Орталық және Кеңсай зираты – көрнекті қоғам қайраткерлері мен танымал тұлғалар жерленген жер.
8. Мұхтар Әуезовтің музей-үйі.
9. Дінмұхаммед Қонаевтың музей-үйі.

Ақмола облысы

1. Бөгенбай батыр атымен байланысты кешен (жерленген жері, стелласы және тарихи – музейі).

2. Үмбетей жырау жерленген жер.
3. Саққұлақ би кесенесі.
4. Абылай ханның қызыл ағашы.
5. Уәли хан кесенесі.
6. Қаныкейдің жерленген жері.
7. Әліптомар қажы жерленген жер.
8. Ақ Еділ Қожа қажы жерленген жер.
9. Біржан сал кешені.
10. Балуан Шолақ кешені.
11. Иманжүсіп Құтпанұлына орнатылған белгі.
12. Батыр Киікбай Байғараұлы кесенесі.
13. Бөгенбай би кесенесі.
14. Батыр Қосағалы Төлекұлы кесенесі.
15. Бектемір сопы кесенесі.
16. Паң Нұрмағанбет кесенесі.
17. Қызыл Там (Ахмет) кесенесі.
18. «Балқадидиша» кешені.
19. Ақансерінің ғашығы Ақтоқтының жерленген жері.
20. Дүйсен би жерленген жері.
21. Монтай батыр жерленген жер.
22. Асат би Алпысұлы жерленген жер.
23. Қылышбай әулие жерленген жер.
24. «Қос бейіт» кесенесі.
25. Қазы батыр жерленген жер.
26. Өрес ханымның жерленген жері.
27. Қалақ батыр жерленген жер.
28. Тіржан қажы жерленген жер.
29. «Айдаһар үңгірі» тауы.
30. Әздембай сал Көтербайұлы жерленген жер.
31. Мария Рекинаның (Жагорқызы) жерленген жері.
32. Нияз би кесенесі.
33. Едіге би Төлебайұлы мазары.

Алматы облысы

1. Қора шатқалы.
2. Жаманты (Арасан) бұлағы.
3. Тұздықөл көлі (Рай апа).
4. Шыңғысханның тұрағы.
5. Ешкіөлмес петроглифтері.
6. «Бесшатыр» қорымы.
7. Талғар қалашығы.
8. Қарамерген қалашығы.
9. Әулиеағаш.
10. Найзатапқан бұлағы.
11. Көтен әулие кесенесі.
12. Түктібай әулие кесенесі.
13. Құлжабай әулие Тайсарыұлы мазары.
14. Смағұл Қажы жерленген жер.
15. Үлпілдек Дарабоз ана жерленген жер.
16. Қарынбай әулие кесенесі.
17. Әбіш ата және Әлжан ана кесенесі.
18. Байтулақ батыр кесенесі.
19. Үйгентас жайлауы.
20. Солтанбай батыр кесенесі.
21. Ескелді би кесенесі.
22. Балпық би кесенесі.
23. Жолбарыс батыр кесенесі.
24. Айту би кесенесі.
25. Мықтыбек батыр кесенесі.
26. Тәнеке батыр жерленген жер.
27. Әлмерек баба кесенесі.
28. Есім Төре кесенесі.
29. Сарыбай бидің жерленген жері.
30. Қараш би кесенесі.
31. Қоғыл әулие, «Сөк төре» кесенелері.

32. Батыр Бөлек Тасыбайұлы кесенесі.
33. Жәлменде би Байшығаұлы жерленген жер.
34. Ақын Сүйінбай Аронұлы кесенесі.
35. Ақын Бақтыбай Жолбарысұлы жерленген жері.
36. Тезек Төре қонысы.
37. Ақын Сара Тастанбекқызы кесенесі.
38. Мамания мектебі.
39. Алаш зиялысы Барлыбек Сыртанов жерленген жер.
40. Алаш зиялысы Базарбай Мәметов кесенесі.

Ақтөбе облысы

1. Бекқұл би кесенесі.
2. 1930-1950 ж.ж. саяси қуғын-сүргін құрбандарына орнатылған «Түйетөбедегі» ескерткіш.
3. Шәкен ишан мешіті.
4. Былшық би кесенесі.
5. Асан-Қожа әулие жерленген жер.
6. Абдолла хазіреттің Көк мешіті.
7. Батыр Бақтыбай Төлесұлы кесенесі.
8. Дәуімшар батыр жерленген жер.
9. Қызылүйік ғибадатханасы.
10. Сүндет кесенесі.
11. Қызылтам мазары.
12. Нұрпейіс хазірет мешіті.
13. Бисен хазірет мешіті.
14. Батыр Дербісәлі Қиғылықұлы кесенесі.
15. Батыр Көтібар Бәсенұлы кесенесі.
16. Жәлімбет батыр кесенесі.
17. Қарағұл би кесенесі.
18. Көк мешіт.
19. Төлеубұлақ петроглифтері.
20. Керуен сарай.

21. Ойыл мешіті.
22. Ботакөз батыр кесенесі.
23. Темір мешіті.
24. Мәулімберді әулие мазары.
25. Айдарлыаша геологиялық қимасы.
26. Балғасын кешені.
27. Күйші Қазанғап Тілепбергенұлы мазары.
28. Алматы Сардар Тобабергенұлы кесенесі.
29. Дүйсенбі аһун мешіті.
30. Жаныс би кесенесі.
31. Исатай Хазірет мешіті.
32. Мәні әулие қорымы.
33. Сәмет батыр кесенесі.
34. Батыр Арыстан Тінәліұлы кесенесі.

Атырау облысы

1. Индер тұзды көлі.
2. Кененбай үңгірі.
3. Ақтөбе-Лаэти қалашығы.
4. Қорғанша қалашығы.
5. Алып ана қорымы.
6. Мәтенқожа әулие мазары.
7. Бөкен би кесенесі.
8. Ақын Шернияз Жарылғасұлы кесенесі.
9. Байбақты әулие Қармысұлы кесенесі.
10. Ақын Бала Ораз Өтебайұлы мазары.
11. Сұлтануәйіс әулие Ыбырайұлы мазары.
12. Ақын Мұрат Мөңкеұлы кесенесі.
13. Әулие Сары ата (Есмағамбет Тулымұлы Досмағамбетов) мазары.
14. Ақын Ығылман Шөреков жерленген жер.
15. Әулие Зейнеден Құрасұлы кесенесі.

16. Алтын қорымы.
17. Дүйсеке ата мешіті.
18. Жұбан кесенесі.
19. Әжібай би Болпашұлы кесенесі.
20. Оңай ата кесенесі.

Батыс Қазақстан облысы

1. Ешкі тауы.
2. Шалқар көлі.
3. Аққұм кешені.
4. Торатбасы тауы.
5. Қыземшек тауы.
6. Шоқай батырдың Шоқайтерігі.
7. Қыз әулие сарқырамасы.
8. Құныскерей үңгірі.
9. Айдар сор.
10. Айдана қыраты.
11. «Қырық-оба» кешені.
12. Сегізсай (Лебедевка) қорған кешені.
13. Жалпақтал қалашығы.
14. Қожантай қажы мешіті.
15. Жарман хазірет мешіті.
16. Батыр Дәуқара Қарақожаұлы жерленген жер.
17. Батыр Байбарақ Құдайқұлұлы кесенесі.
18. Батыр Тіленші Бөкенбайұлы жерленген жер.
19. Батыр Тайлақ Мәметайұлы жерленген жер.
20. Үкі би кесенесі.
21. Айшуақ хан жерленген жер.
22. Жантөре хан жерленген жер.
23. Батыр Қоске кесенесі.
24. Саудабай би Көккөзұлы жерленген жер.
25. Қаратау би Өмірзақұлы кесенесі.

26. Қазы би Сырымұлы жерленген жер.
27. Батыр Сатай Кенжеғараұлы жерленген жер.
28. Батыр Науша Қаржауұлы жерленген жер.
29. Жетпіс палуан Бақтыбайұлы жерленген жер.
30. Омар би Қазыұлы жерленген жер.
31. Батыр Жолбарыс Торыұлы жерленген жер.
32. Ұзақ күйші кесенесі.
33. Малтахан би кесенесі.
34. Сүгір жырау Мырзалыұлы жерленген жер.
35. Күйші Мұхит Мерәліұлы кесенесі.
36. Ақын Шәңгерей Бөкеев жерленген жер.
37. Күйші Мәмен Мұратұлы кесенесі.
38. Сырым шыққан төбе.
39. Тастөбе шайқасы болған жер.
40. Хан тоғайы.

Жамбыл облысы

1. Әулиебастау қалашығы мен бұлағы.
2. Қарасай петроглифтері.
3. Жетітөбе қорымы.
4. Ерте ислам дәуірінің мешіті және оған қосалқы салынған керуен сарайы.
5. Ақкесене бекінісі.
6. «Қазақ хандығы» монументі.
7. «Қозыбасы» - Қазақ хандығының туы тігілген жер.
8. Қостөбе қалашығы.
9. Меркі қалашығы.
10. Аспара қалашығы.
11. Құлан қалашығы.
12. Өрнек қалашығы.
13. Ақтөбе (Степнинское) қалашығы.
14. Бектөбе қалашығы.

15. Құралай сұлу кесенесі.
16. Абдолла Ишан кесенесі.
17. Қарақожа мешіті.
18. Кенесары хан мемориалы.
19. Шоқай датқа кесенесі.
20. Сыпатай батыр кесенесі.
21. Ықылас Дүкенұлының жерленген жері және мемориалы.
22. Саңырық батыр кесенесі.
23. Биназар батыр кесенесі.
24. «Момыш бұлағы» (Б.Момышұлының туған жері).
25. Бөлтірік шешен кесенесі.
26. Өтеген батыр кесенесі.
27. Көшек батыр кесенесі.

Қарағанды облысы

1. Қарқаралы тауы, Шайтанкөл (Әулиекөл) көлі.
2. Үш үңгір тауы.
3. Едірей таулары, Мәдидің қара үңгірі.
4. Қарағаш ормандары.
5. Арғанаты тауында орналасқан тас мүсіндер және Балбұлақ бұлағы.
6. Талды II қорымы.
7. Қаражартас қорымы.
8. Ақсу-Аюлы II қорымы.
9. Байқоңыр петроглифтері.
10. Ұлытаудағы Хан ордасы.
11. Ақтау бекінісі.
12. Кент қалашығы.
13. Тайатқан- Шұнақ петроглифтері.
14. Желтау петроглифтері.
15. Тасарал қорымы.

16. Басқамыр қалашығы.
17. Қосұйтас, Қара дың - Егінді және Байқоңыр жерлеріндегі Дың ғұрыптық кешен.
18. Қызылкеніш сарайы.
19. Дулығалы мешіті.
20. Батыр Сенкібай Оразғұлұлы кесенесі.
21. Ерден Сандыбайұлы кесенесі.
22. Болған ана кесенесі.
23. Құлан Қатын кесенесі.
24. Аяққамыр кесенесі.
25. Мәди ақын жерленген жер.
26. Шөже ақын жерленген жер.
27. Алшынбай би жерленген жер.
28. Байдалы би кесенесі.
29. Матақ батыр мазары.
30. Жекежал қыстағы (Әлихан Бөкейханның туған жері).
31. Талды бейіт (Бөкейхан әулетінің қорымы).
32. Нарманбет ақын кесенесі.
33. Шабанбай би кесенесі.
34. Сана би кесенесі.
35. Қойлыбай әулие кесенесі.
36. Мейрам Жанайдарұлы кесенесі және Жанайдар батыр сәулеттік кешені.
37. Ақын Шортанбай Қанайұлы кесенесі.
38. Күйші Тоқа Шоңманұлы жерленген жері.
39. Кейкі батыр үңгірі.
40. Бекметовтер үйі (Абай тоқтаған үй).
41. Мақат сағанасы.
42. Қара төбе (Мамочкино) қорымы.
43. Қоянды жәрмеңкесі.

Қостанай облысы

1. Қазыбай әулие Ақпанұлы жерленген жері.
2. Құтан әулие Аталықұлы кесенесі.
3. Баймырза әулие Мергенұлының кесенесі.
4. Қоянақ әулие Жолшарақызының кесенесі.
5. Түркібай әулие Ақанұлы жерленген жер.
6. Сатыбалды ишан Ғабдоллаұлы кесенесі.
7. Ақ мешіт мешіті.
8. Батыр Маңдай Байдәулетұлының жерленген жері.
9. Батыр Жабағы Ипанұлы жерленген жер.
10. Жазы би Жанұлы кесенесі.
11. Шоқай би Балқанұлының жерленген жері.
12. Қобызшы Тілеп Аспантайұлының жерленген жері.
13. Күнтимес - Шоқан Уәлихановтың туған жері.
14. Омар құдығы (Ыбырай Алтынсариннің туған жері).
15. Сарытүбек ауылы (Ахмет Байтұрсынұлының туған жері).
16. Мұхамеджан Сералиннің жерленген жері.
17. Албарбөгет (Айса бөгеті).
18. Татыр шайқасы болған жер.

Қызылорда облысы

1. Әбжали ишан мешіті.
2. Айқожа ишан кесенесі.
3. Асанас қалашығы.
4. Ақтас мешіті.
5. Асанас ата кесенесі.
6. Ноғай мешіті.
7. Ғанибай мешіті.
8. Ғанибай керуен сарайы.
9. Күйіккескен қалашығы.
10. Қосым қожа мазары.

11. Қожаназар ишан мешіті.
12. Мүсірәлі әулие кесенесі.
13. Байқоңыр ғарыш айлағы.
14. Бәбіш Мола қалашығы.
15. Баланды II кесенесі.
16. Жетіасар мәдениетінің кешенді ескерткіштері.
17. Қалқай ишан кесенесі.
18. Марал ишан кесенесі.
19. Иманқұл мешіті.
20. Түмен әулие кесенесі.
21. Қалжан ахун мешіт-медресесі.
22. Қожан қожа кесенесі.
23. Құлболды ишан кесенесі.
24. Мүлкәлән әулие кесенесі.
25. Асан ата кесенесі.
26. Ахмет ишан кесенесі.
27. Есабыз әулие кесенесі.
28. Оразай ишан кесенесі.
29. Сауысқандық петроглифтері.
30. Қарасопы кесенесі.
31. Сунақ ата кесенесі.
32. Қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалды ескерткіш.
33. Өшпес даңқ мемориалы.
34. Әулие Белең ана жерленген жер.
35. Ала тағы әулие жерленген жер.

Маңғыстау облысы

1. Шерқала тауы.
2. Бозжыра тауы.
3. Айрақты тауындағы петроглифтер.
4. Саура сайы.

5. Самал сайы.
6. Тамшалы сайы.
7. Ұлықіндікті кешені.
8. Ман ата кесенесі.
9. Махтум баба мешіті.
10. Есен ата жерленген жер.
11. Темір баба кесенесі.
12. Күйеу там кесенесі.
13. Кенті баба кесенесі.
14. Оғыланды ата жерленген жер.
15. Қошқар атадағы қошқар мүсіні.
16. Есмамбет әулие жерленген жер.
17. Хатам ишан кесенесі.
18. Бекбаулы ата мазары.
19. Тобықты жеріндегі Бекет ата жерасты мешіті.
20. Мыңкісі ата кешені.
21. Көркембай ахун мешіті.
22. Қыдырша атаның жерленген жері.
23. Қыз әулие мазары.
24. Батыр Атақозы жерленген жері.
25. Батыр Бердалы жерленген жер.
26. Құлбарақ батыр кесенесі.
27. Мұрын жырау кешені.
28. Ержан хазрет жерленген жер.

Оңтүстік Қазақстан облысы

1. Қаншайым аралы.
2. Хантағы жартасы.
3. Қырық қыз.
4. «Көзді ата» әулие бұлағы.
5. Тамшы әулие.
6. Дастарбасы кешені (Дастарбасы петроглифтері,

Дастарбасы үңгірлері).

7. Боралдай петроглифтері.
8. Қаратау петроглифтері.
9. Қасқабұлақ петроглифтері.
10. Орда қонған тарихи орны (Атбұлақ).
11. Оқсыз қалашығы.
12. Жуантөбе қалашығы.
13. Ханқорған қалашығы.
14. Мәртөбе қалашығы.
15. Шымкент қалашығы.
16. Қосым ишан кесенесі.
17. Шамет ишан сәулет кешені.
18. Ишан-базар (Ақмешіт) мешіті.
19. Ысқақ баб (Баба ата) кесенесі.
20. Ақсүмбе мұнарасы.
21. Ноғай-ишан мешіті.
22. «Жәми» Шыңғысбай қажы мешіті.
23. Ұзын ата кесенесі.
24. Мариям ана кесенесі.
25. Әбдел Әзіз баб кесенесі.
26. Қызыр мұнарасы.
27. Мірәлі баб кесенесі.
28. Қыз әулие.
29. Қазы Байзауи кесенесі.
30. Темірші ата әулие.
31. Жекен Шайық әулие жерленген жері.
32. Мұңлық - Зарлық әулие кесенесі.
33. Көктан ата бұлағы және Есенаман қалпе кесенесі.
34. Кәлен баб әулие жерленген жер.
35. Жуас баб әулие кесенесі.
36. Ердәуіт және Шаймерден әулиелер кешені.
37. Сөк-сөк әулие мазары.

38. Ақтас әулие бұлағы.
39. Қотырбұлақ әулие бұлағы.
40. Көз ата әулие кесенесі.
41. Қошқар ата кесенесі мен бұлағы.
42. Иса ата (Ыстық ата) әулие кесенесі.
43. Саңғыл би кесенесі.
44. Қазаншы ата кесенесі.
45. Бекасыл әулие кесенесі.
46. Түркібасы әулие кесенесі.
47. Нұр ата әулие кесенесі.
48. Қажымұқан Мұңайтпасов кесенесі.
49. Мыңшейіт тарихи орны.
50. Қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған «Қасірет» мемориалдық кешені.

Павлодар облысы

1. Қалмаққырған тауы.
2. Құлан әулие үңгірі.
3. Жалаулы көлі.
4. Малыбай көлі.
5. Торайғыр сақ қорғандары.
6. Драверт үңгіріндегі петроглифтер.
7. Сабындыкөл жағасындағы қола дәуірінің жерлеу кешені.
8. Өлеңті петроглифтері.
9. Әуликөл археологиялық кешені.
10. Ақбидайық петроглифтері.
11. Әулиебұлақ.
12. Таймас әулие кесенесі.
13. Ғабдыл - Уахит хазірет кесенесі.
14. Нұрғали хазіреттің жерленген жер.
15. Ақбалық хазірет жерленген жер.

16. Үкібай би кесенесі.
17. Қараман абыз жерленген жер.
18. Әулиебұлақ (Ақбура әулиелерінің мекені).
19. Абылай, Найза мекені.
20. Кемпіртас археологиялық ескерткіші.
21. Қалабалғасын мұнарасы.
22. Түгел батырдың жерленген жері.
23. Жазы батырдың жерленген жері.
24. Сырымбет батырдың жерленген жер.
25. Қазанғап бидің жерленген жер.
26. Далба тауындағы Қаздауысты Қазыбек бидің «Сәретасы».
27. Мұса Шорманұлының жерленген жері.
28. Сұлтанмахмұт Торайғыров кесенесі.
29. Жаяу Мұса жерленген жер.
30. Ақын Жарылғапберді Жұмабайұлының жерленген жер.
31. Естай ақын кесенесі.
32. Кентанушы Қосым Пішенбаев жерленген жер.
33. Үміт апаның жерленген жер.
34. Ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш.
35. Саяси репрессияға ұшырағандарға арналған мемориал.
36. Мәңгілік алау мен Даңқ ескерткіші.

Солтүстік Қазақстан облысы

1. Байқара қорымы.
2. Ақ Ирий қалашығы.
3. Қызылжар Орталық мешіті.
4. «Қазақстан жұлдызы» алтары.
5. «Дін Мұхаммад» мешіті.
6. Бекен (Бекмағамбет) Жұмабаевтың жерленген жері.

Шығыс Қазақстан облысы

1. Сауыр таулары.
2. «Бөрітастаған» құз-жартасы.
3. Ашутас тауы.
4. Алау адырлар шоқысы.
5. Қиын-Керіш таулары.
6. Зайсан көлі.
7. Марқакөл көлі.
8. Рахман көлі.
9. Қасиетті бұлақ.
10. Аблайкит – бекініс-ғибадатханасы.
11. Еңлік - Кебек кесенесі.
12. Боранбай би Қалқаманұлының кесенесі.
13. Шәкі би Тасыбайұлы жерленген жер.
14. Арқарбай әулие Шоқантайұлы жерленген жер.
15. Бектұрған әулие кесенесі.
16. Барақ батыр Шүрекұлының ескерткіші.
17. Батыр Шынқожа Базарқұлұлының жерленген жері.
18. Батыр Шахантай Жауғашарұлының кесенесі.
19. Батыр Күшікбай Қанайұлы кешені.
20. Жобалай би кесенесі.
21. Дулат Бабатайұлы кесенесі.
22. Омар Смағұлұлы кесенесі.
23. Тыныбай Қаукенов мешіті.
24. Тана би Тілемісұлының кесенесі.
25. Ескі там мектеп-медресесі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары. – Астана: «Фолиант», 2017 – 496 бет.
2. Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары. – Астана: «Фолиант», 2017 – 504 бет.
3. Туған жер – тұғырың. Фотоальбом. / Құраст. Серікбек Арғынғазин. – Алматы: «Керемет медиа», 2018 – 240 бет.
4. Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т. 80: Топонимдік аңыздар – 416 бет.
5. Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 1-том: Өлеңдер, дастандар / Құраст. Сәндібек Жұбаниязов. – Алматы: «Жазушы», 2013 – 376 бет.
6. <http://visitkazakhstan.kz/> Жаманшың метеорлы кратері.
7. <https://www.inform.kz/> Флоренский П. // Ақтөбеде метеорит құлаған Жаманшың кратері тоналдып жатыр.
8. <http://el.kz/> Дарханбаева М. // Ақтөбеге шақырар 7 орын.
9. <http://el.kz/> Тоқабаев А. // Хан Тәңірі – Құдайлар тауы.
10. <https://egemen.kz/> Әлдібаев Н. // Шарын шатқалы.
11. <http://alashainasy.kz/> Жаннаттың жер бетіндегі баламасы – «Қапал-Арасан».
12. <http://atr.kz/> Харипова Р. // Атыраудағы жеті нысан «Қасиетті Қазақстан» картасына енгізілді.
13. Қасенов М.С. // «Иманқара үңгірі» // «Х.Досмұхамедов атындағы АТМУ Хабаршысы» ғылыми журнал, Атырау, 2006 ж. мамыр, № 1 (1).
14. <https://abai.kz/> Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ұлытау төріндегі сұхбаты.
15. <http://el.kz/> Б.Кожаметов // В Иран, по следам улытауских легенд.
16. <http://el.kz/> Б.Кожаметов // О происхождения топонима «Улытау».
17. <http://catalog.karlib.kz/> Тау-төбе аңыздары.

18. <http://adyrna.kz> / Қасиетті Әулие тау.

19. <https://abai.kz/> Қожырбайұлы М. // Адай ата – Отпан тау.

20. <https://kk.wikipedia.org/wiki/> Каспий теңізі.

21. <https://kk.wikipedia.org/wiki/> // Қоңыр әулие үңгірі.

22. <http://alashainasy.kz/> // Ғажайып // Бала көтергіңіз келсе
Қоңыр әулие үңгірінен су ішіңіз.

23. www.pavlodarnews.kz // Сарыарқа самалы // Қоңыр әулие
үңгірі.

24. <https://egemen.kz/article/ungirlerge-unilemiz-biz-kashan> //
Фарида Бықай. Үңгірлерге үңілеміз біз қашан?

25. www.pavlodarnews.kz // Сарыарқа самалы // Енді бізге
табылмас ондай ғазиз.

26. <https://kk.wikipedia.org/wiki/> // Түркістан облысы.

27. <http://el.kz> // Адамзаттың тал бесігі – Қазығұрт тауы.

28. <http://e-history.kz> // Дәулет Ізтілеу // «Жылаған ата» үңгірі
мен бұлағы.

Аса таяқты бала туралы аңыз.

29. <http://el.kz> // Тоқабаев А. // Қоңыр әулие үңгірі // Аңыз бен
құпияға толы киелі мекендер.

30. <https://kk.wikipedia.org/wiki/> // Мұзтау шыңы.

31. <http://el.kz> // Мұзтау – Алтайдың алтын тәжі // Қойнауы
аңыз бен тарихқа толы Мұзтау туралы не білесіз?

32. <https://baq.kz/> // Мейрамтай Иманғали // Қоңыр әулие үңгірі
жайлы аңыз бен ақиқат.

33. <http://el.kz/> // Ұшқын Сәйдрахман // Берел қорымы – теңдессіз
олжалар мекені.

<http://el.kz/> // Шілікті – шежірелі мекен // Үшінші «Алтын адам»
табылған қорым екенін білесіз бе?

34. Қазақстандағы жалпыұлттық қасиетті нысандар мен
кешендерінің тізімі // «Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту
орталығы.

35. Жергілікті маңызы бар қасиетті орындардың тізімі //
«Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығы.



МАЗМҰНЫ

Алғысөз	3
Ақмола облысы.....	7
Ақтөбе облысы	20
Алматы облысы	29
Атырау облысы.....	43
Қарағанды облысы	52
Маңғыстау облысы	70
Павлодар облысы	79
Түркістан облысы	89
Шығыс Қазақстан облысы.....	107
Қосымшалар	117
Пайдаланылған әдебиеттер	141



АТАМЕКЕН

ақпараттық-танымдық жинақ

Беттеген
Г.АЛМАСБЕКОВА
Дизайнері
Н.СЕРҒОЖАҰЛЫ

Басуға 23.10.2018 ж. қол қойылды.
Пішімі 70x100 ¹/₁₆. Офсеттік баспа. Шартты б.т. 9,0.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №

«Palitra-press» баспасы,
Алматы қаласы, Гагарин көшесі, 143-үй.